



МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы Әлихан Смайыловты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Жоғары аудиторлық палатаның былтыр атқарған қызметінің қорытындылары мен осы жылға арналған жоспары жөнінде мәлімет берілді.

Президентке былтыр 214 нысанда құны шамамен 11 триллион теңгені құрайтын 27 аудиторлық іс-шара өткізілгені туралы баяндалды. Соның нәтижесінде жалпы сомасы 862 миллиард теңге болатын түрлі нормалардың бұзылғаны анықталды. Тексерістердің қорытындысы бойынша бюджетке 135 миллиард теңге қайтарылды. Бұл 2023 жылы өтелген қаржыдан бес есе артық.

Мемлекет басшысына құрылыс нысандарындағы баға қалыптастыру, өңдеу өнеркәсібі жобаларын қаржыландыру, ауыл шаруашылығын субсидиялау ісінде олқылықтар үнемі байқалатыны айтылды.

Жоғары аудиторлық палата барлық анықталған заңбұзушылықты жою үшін Үкіметке ұсыным

беріп, жауапты мемлекеттік органдарға нұсқама жолдаған.

Әлихан Смайылов биыл 40-тан астам аудиторлық іс-шара өткізу жоспарланғанын жеткізді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Астана және Алматы қалалары, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Жамбыл облыстары, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» қоры, «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясы, КЕГОС кәсіпорыны, Ұлттық банк, Төтенше жағдайлар министрлігі бюджеттерінің орындалуы тексеріледі. Сонымен қатар ғылым, қорғаныс, құқықтық тәртіпті сақтау, спорт, әлеуметтік қамтамасыз ету, орман шаруашылығы салаларында аудиторлық тексерістер жүргізіледі.

Кездесу соңында Президент мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыруды тапсырды. Сонымен қатар бюджет қаржысының игерілуін тиімді бақылау үшін заманауи цифрлық шешімдерді енгізудің маңызына назар аударды.

БАСПАСӨЗГЕ

ТОСПА ҚҰРҒАН КІМ?

Мерзімді басылым сататын дүңгіршек алдында қарақұрым кезек тұратын заман тарих қойнауына кетті. Ол кезде жұртшылықтың интеллигент-оқымысты бөлігі таңертең жұмысқа бара жатып жаппай газет алатын. Жүгіріп кеш жеткеніне басылым жетпей қалатын. Бүгінде дүңгіршектегі газет-журнал саудасы түбегейлі тоқырады. Смартфондағы жаңалықтар таспасы ауыстырған ол дәуірді ешкім сағынбайтындай. Шынында, озық елдерде дүңгіршектен газет алып оқу сән мен салт саналады. Қазақстан неге зайырлылық пен зиялылықтың бұл нышанынан айырылып қалды?



Еуропаға, тіпті түбіміз бір Түркияға барғанда қазақстандықтар байқаған болар? Орталық көшелерде мерзімді басылым дүңгіршектері аяқ басқан сайын кездеседі. Одан қала көшелерінің картасын, көлік картасын, анықтамалықтарды, туристік нұсқаулықтарды, кітаптарды, түрлі кәдесыйды сатып алуға да болады. Олар шетелдік саяхатшылар үшін де тартылыс орталығына айналды. Жергілікті тұрғындар осы дүңгіршектерден жолай газет-журнал, кітап алып, метрода, трамвайда, аялдамада, парктарда, дәмханаларда оқып отырады.

→ 6

ҚАРАЖАТ ҚАП ТҮБІНДЕ ЖАТПАСЫН

Ақмола облысында жергілікті бюджет кірістері жылдық жоспардан асып түскеніне қарамастан, бөлінген қаражаттың едәуір бөлігі игерілмей қалған. Әсіресе, білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы күрделі жөндеу жұмыстары мерзімінен кешіктіріліп, кейбір жобалар мүлде орындалмаған. Бұл жағдай оқу процесі мен медициналық қызмет сапасына кері әсерін тигізіп отыр. Облыс басшылығы қаржының тиімді жұмсалуды қатаң бақылауға алу қажеттігін ескертіп, жауапты органдарды жедел шаралар қабылдауға шақырды.

→ 7



ҚҰМ ҚОЙНАУЫНДАҒЫ ҚҰПИЯ

Кеңес кезеңінің дүрілдеп тұрған шағында Сыр өңірінде көптеген жасырын әскери нысандар жұмыс істеді. Әсіресе, Арал өңірі мен Байқоңыр ғарыш айлағы аумағында аса құпия мақсаттағы жабық әскери қалашықтар аз болмады.

→ 10



СОРА СОР ҒАНА ЕМЕС...

Елімізде қарасора өсімдігін өндірістік деңгейде өңдеу қолға алынғалы жатыр. Бұл сала лицензиялауға жататындықтан, бірнеше инвесторға рұқсатнама берілген.

→ 12

22 АҚПАН 2025 | СЕНБІ



ДИМАШ ҚҰДАЙБЕРГЕНГЕ ІЗГІ НИЕТ ЕЛШІСІ БЕЛГІСІ ТАБЫСТАЛДЫ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев белгілі қазақстандық әнші, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің Ізгі ниет елшісі Димаш Құдайбергенмен кездесті.

Мәулен Әшімбаев Димаш Құдайберген өзінің шығармашылығымен қазақтың ұлттық мәдениетін дәріптеуге үлкен үлес қосып келе жатқанын атап өтті. Палата Спикері әншінің өнер арқылы бейбітшілік пен ізгілік идеяларын насихаттауға және халықтар мен мәдениеттер арасындағы диалогты нығайтуға тигізіп отырған ықпалына назар аударып, бұл аса маңызды миссия екенін айтты. Сондай-ақ ол аталған құндылықтар Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің қағидаттарымен үндес екенін тілге тиек етті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев дінаралық және өркениетаралық диалог мәселелеріне үнемі баса мән беріп келеді. Қазіргі таңда бүкіл әлем бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Осындай жағдайда рухани дипломатияның маңызы бұрынғыдан да арта түскені анық. Сондықтан бейбітшілік пен диалог мәдениетін дәріптеу аса маңызды. Бұл ретте діни, саяси және қоғамдық

көшбасшылардың бірлескен күш-жігері айрықша мәнге ие. Осы бағытта Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің Ізгі ниет елшілері маңызды рөл атқарады. Сіз алдағы уақытта да өзіңіздің шығармашылығыңызбен және креативті жобаларыңызбен бейбітшілік пен келісім идеяларын халықаралық деңгейде ілгерілетуге зор үлесіңізді қоса бересіз деп сенемін», – деп Мәулен Әшімбаев Димаш Құдайбергенге съездің Ізгі ниет елшісі төсбелгісін табыс етті.

Кездесуде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі мен Жас діни лидерлердің II форумына дайындық барысы, съезд тұжырымдамасын іске асыру мәселелері және осы бағыттағы бірлескен жобалар талқыланды.

Айта кетейік, «Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия» тақырыбына арналатын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі 2025 жылғы 17-18 қыркүйекте Астанада өтеді.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Бірінші оқылымда Мәжілісте депутаттар бастамашылық еткен мәдениет пен білім мәселелеріне қатысты заң жобасы талқыланып отырады.

Құжатта мектеп оқушыларын білім беру және мәдени бастамаларға қатысуға ынталандыру мақсатымен АҚУЛМАН жобасын енгізу ұсынылады. Сондай-ақ ғылыми жобалардың халықаралық байқауларының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтарға бірреттік төлем жасау нормалары қарастырылған.

Білім сапасын арттыру үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын рейтингілеу нормалары енгізілмек. Бұдан бөлек, мемлекеттік тапсырыс есебінен оқыған азаматтарды егер олар мемлекеттік жәрдемақы алушылар қатарында болса және мүгедектігі

бар баланы тәрбиелеп отырған немесе I топтағы мүгедекке күтім жасаған жағдайда міндетті түрде еңбек өтеуден босату ұсынылады. Сонымен қатар шетелдік білім беру ұйымдарында резидентура, магистратура, аспирантура, докторантура бағдарламалары бойынша оқуға түскен және оқуын аяқтаған азаматтарға еңбек өтеуді кейінге шегеру мүмкіндігі қарастырылған.

Депутаттардың бастамасымен әзірленген заң жобасы отандық әдебиетті дамытуға, кітапхана қорын қолдауға және ономастика саласындағы өзгерістерге бағытталған шараларды да қамтиды. Сондай-ақ Мәжіліс жол саласын реформалау мәселелері бойынша жаңа заң жобасын жұмысқа алуды жоспарлап отыр.

TALDAU TALKS ПОДКАСЫНЫҢ ЖАҢА ШЫҒАРЫЛЫМЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

Taldau Talks подкасының Қазақстандағы салық реформасына арналған жаңа шығарылымы Сенаттың YouTube-арнасында жарияланды. Салық кодексінің жобасына енгізілетін түзетулер Парламент депутаттарының қарауына ұсынылуына байланысты осы тақырыпты талқылау маңызды болып отыр.



Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, «Атамекен»

ҰКП Төралқасының төрағасы Райымбек Баталов, сондай-ақ белгілі экономист Алмас Чукин үш сағаттық ашық әңгіме барысында салық реформасының алғы-

шарттары және оның негізгі бағыттарын, еліміздегі бизнес пен жалпы экономикалық жағдайға әсерін егжей-тегжейлі талдады.

Подкаста көтерілген мәселелердің қатарында ҚҚС мөлшерлемесін өзгерту, бизнеске салық жеңілдіктері, мемлекеттік шығындарды оңтайландыру, салық саясатының инфляцияға әсері, сондай-ақ өтемақы мен атаулы әлеуметтік көмек тетіктері бар. Сенат Төрағасы атап өткендей, салық реформасы Қазақстанның ұзақмерзімді дамуына бағытталған стратегиялық маңызды бастама болып табылады.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев оңтайлы және теңгерімді салық жүйесін құру міндетін жүктеді. Сондықтан бәріміз осы маңызды, қажетті және тиімді құжатты қабылдау үшін бірлесіп жұмыс істеуіміз керек. Салық реформасы еліміздің ұзақмерзімді, сапалы және тұрақты дамуына, сондай-ақ барлық әлеуметтік міндеттемелерді орындауға бағытталған», – деп атап өтті палата Төрағасы Мәулен Әшімбаев.

БАҒДАР

22 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

«АМАНАТ» ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕДІ

«АМАНАТ» партиясының Орталық аппаратында азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыру мен киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған «Цифрлық қоғам» ауқымды жобасының тұсаукесері өтті.

Қазақстандықтардың күнделікті өмірінде цифрлық технологиялардың кеңінен қолданылуы интернет-алаяқтық пен киберқауіптердің көбеюіне әкелуде. Жыл сайын 20 мыңнан астам интернет-алаяқтық фактісі тіркелсе, оның 80%-ы ашылмай қалып отыр. Осыған байланысты халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру мәселесі бұрынғыдан да өзекті бола түсті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев балалардың цифрлық тәуелділігінің артуына алаңдаушылық білдірген болатын. «АМАНАТ» партиясының ұйымдастыруымен өткен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының II республикалық форумында Президент балаларға цифрлық гигиенаның негізгі ережелерін үйретудің маңыздылығын атап өтіп, танымал әлеуметтік желілердің балаларды ғана емес, ересектерді де зомбиге айналдыруы мүмкін екенін ескерткен еді.

Осыған орай «АМАНАТ» партиясы мемлекеттік органдармен және сарапшылармен бірлесіп, цифрлық сауаттылықты дамыту мен интернетті қауіпсіз пайдалану мәдениетін қалыптастыруға бағытталған «Цифрлық қоғам» жобасын әзірледі.

Мәжіліс төрағасының орынбасары, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Альберт



таңғалып жатады. Алайда бұл үрдістің кері жағы да бар — ол біздің қауіпсіздігіміз. Біздің басты міндетіміз — технологияларды енгізіп қана қоймай, адамдарды оларды қауіпсіз әрі саналы түрде қолдануға дағдыландыру. «Цифрлық санитария» деген ұғым бар. Біз IT компанияларға алғысымызды білдіреміз, олар өз бастамаларымен осындай жобаларды жүзеге асырып келеді. Алайда оларға біздің партиямыздың қол-

бег те Қазақстан цифрландыруда үлкен жетістіктерге жеткенімен, қоғам жаңа сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғанын айтты.

«Жақында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында азаматтарды кибералаяқтардан қорғау бойынша мемлекет тарапынан жеткілікті шаралар қабылданбай жатқанын атап өтті. Бүгінде біз цифрлық технологиялар дәуірін-

тарына «Киберқауіпсіздік» тақырыбы енгізілмек. Ал зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арнайы оқыту курстары ұйымдастырылады.

Сонымен қатар Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі «Цифрлық кодекс» пен «Жасанды интеллект туралы» заң жобаларын әзірлеуде. Жоба авторы, Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева бұл құжаттар технологиялық

лықтарын ашу, цифрлық волонтерлерді оқыту, цифрлық заңдармен жұмыс істеу және цифрлық сауаттылық индексіні әзірлеу жоспарлануда. Алдағы айларда жоба пилоттық режимде жұмыс істейді», — деді ол.

Іс-шара барысында мемлекеттік органдар мен сарапшылар да «Цифрлық қоғам» жобасына қатысты өз ұсыныстарын айтты.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне қарасты Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Руслан Әбдіқалықов «Стоп-кредит» функциясын қолдануды, дербес деректерге қолжетімділікті бақылауды және цифрлық ағарту жұмыстарын күшейтуді ұсынды.

«Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Ұлықбек Шамбулов ата-ана бақылауын іске қосу және әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік функцияларын қолдану қажеттігін айтты. Ол ата-аналарды «баланың көзімен интернетке кіріп көруге» шақырып, сонда ғана ондағы жасырын қауіптерді түсінуге болатынын жеткізді.

DataStar компаниясының басқарушы директоры Евгений Питолин зейнеткерлер мен жастарды интернет-алаяқтықтан қорғау үшін цифрлық плакаттар бастамасын жүзеге асыруды ұсынды.

MSSP.G.L ЖШС-ның тең құрылтайшысы Дәурен Салипов Қазақстандағы интернет-алаяқтықтың 80%-ы әлеуметтік ин-



ЮНИСЕФ деректеріне сәйкес, қазақстандық балалардың 46%-ы интернетті 5-8 жас аралығында қолдана бастайды, ал олардың 37%-ы бос уақытының басым бөлігін желіде өткізеді. Бұл мәселені шешу үшін «Цифрлық қоғам» жобасы аясында балалар мен зейнеткерлерге арналған интерактивті білім беру курстарын ұйымдастыру, ата-аналармен кездесулер өткізу жоспарланған.

даму мен азаматтардың құқығын қорғау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ете отырып, Қазақстанда цифрлық технологияларды реттеудің негізін қалыптастыратынын атап өтті.

«Цифрлық қоғам» жобасы әр адам заманауи цифрлық технологияларды сенімді әрі қауіпсіз пайдалану үшін қолға алынды. Біздің мақсатымыз — адамдарға дербес деректерін қорғауға, қауіп-қатерді танып-білуге және цифрлық мүмкіндіктерді дұрыс пайдалануға үйрету. Біз интернет кеңістігін барша азаматқа, соның ішінде балаларға, жасөспірімдерге, қарияларға қолжетімді әрі қауіпсіз етуді көздейміз. «Цифрлық қоғам» — бұл жай ғана жоба емес, цифрлық әлемдегі саналы және қауіпсіз болашаққа жасалған маңызды қадам. Жоба аясында ата-аналар жиналысын өткізу, қарияларға арналған «Күміс лига» цифрлық сауаттылық орта-

женерияға байланысты екенін, алаяқтар адамдарды жеке мәліметтерін өз еркімен жариялауға итермелейтінін атап өтті.

TSARKA Group президенті Олжас Сәтiev жеке деректердің қорғалуын күшейту керектігін, өйткені көптеген жағдайда мәліметтердің таралуы хакерлік шабуылдардан емес, пайдаланушылардың өздерінің қауіпсіздікке салғырт қарауынан болатынын жеткізді.

Партия өкілдерінің айтуынша, «Цифрлық қоғам» жобасын жүзеге асыру барлық жас топтарының цифрлық сауаттылығын арттырып, технологияларды меңгеруге көмектесетін еріктілер қауымдастығын құруға, киберқылмыстардың санын азайтуға және басқа да маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Асыл ТҰМАР
Фото: Әли ҒАЛЫМ



Рау Қазақстанның цифрландыру деңгейі бойынша әлемде көшбасшылар қатарында екенін атап өтті.

«Шынында да, біздегі цифрлық даму деңгейіне Еуропаның ең дамыған елдерінің өкілдері

дауы қажет, өйткені біз ғана барлық тараптың күш-жігерін біріктіріп, кешенді «Цифрлық қоғам» жобасын құра аламыз», — деді вице-спикер.

«АМАНАТ» партиясының Аққарушы хатшысы Дәулет Кәрі-

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

22 АҚПАН 2025 | СЕНБІ



Мәжіліс қабырғасында түрлі әлеуметтік желілердің, соның ішінде TikTok-тың қоғам санасына, әсіресе, жас ұрпаққа зияны туралы жиі айтылып жүр. Осы уақытқа дейін үш-төрт депутаттық сауал да жолданды. Бірақ қай-қайсысына да Үкіметтен жауап жоқ. Өткен сәрсенбі күнгі Мәжілістің Жалпы отырысында бұл мәселе тағы да көтерілді. Бұл жолғы депутаттық сауалдың мәтінін толық бергенді жөн көрдік. Оны жиналғандар алдында «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, депутат Жанарбек Әшімжан оқып берді.

«ЕСТИТИН ҮКІМЕТ» TikTok-қа КЕЛГЕНДЕ КЕРЕҢ БЕ?

Зеландияда балалар қауіпсіздігіне қатысты алаңдаушылыққа байланысты 2023 жылы шешім қабылдап үлгерген. Керек десеніз, TikTok-тың атасы саналатын Қытайдың өзінде бұл платформа қолжетімді емес.

Біз де жеделдетіп TikTok-қа шектеу қою мәселесін қарастырғанымыз жөн. Өйткені TikTok-ты шамадан тыс қолданудың психологиялық, әлеуметтік және академиялық салдары, баланың санасы мен денсаулығына кері әсері аз емес. Тіпті, офтальмолог дәрігерлер телефонға телмірген балалардың арасында кейінгі бес жылда көз аурулары күрт көбейіп кеткенін айтады. Сондықтан ұрпағымызды TikTok-тан келер азындықтан арашалап қалу үшін осы мәселені тағы көтерімізге тура келіп отыр.

Ендеше Үкіметке келесі шараларды қолға алуды ұсынамын. Біріншіден, TikTok-тағы әдепке, ұлттық құндылықтарға, дәстүріміз бен салтымызға қайшы келетін, балалардың санасын улайтын, теріс әдеттерге шақыратын барлық контентке шектеу қою. Екіншіден, елімізде TikTok-ты кәметтік жасқа толмаған балалардың пайдалануына қатаң шектеу қою немесе мүлдем тыйым салу тетіктерін қарастыру керек деп есептейміз. Сауалға заңда көрсетілген мерзімге сай жауап беруіңізді сұраймыз.

танымалдылыққа ие TikTok-тың жастарымызға рухани зияны артып келеді. Өкінішке қарай, бүгінгі жастар ата-баба тәлімімен емес, негізінен TikTok арқылы тәрбиеленіп жатыр. Онда пайдалы контентпен қатар, баланы жағымсыз әдеттер мен теріс қылықтарға бастайтын бейнематериалдар да жеткілікті. Түрлі ойынды жарнамалау, онлайн казино, стримдер арқылы әдепсіз әрекеттер көрсету, тіпті порнография, суицидке шақыру, былапыт сөздер мен бейәдеп көріністерге толы рилстар да осы TikTok арқылы таралуда. Оларды балалар қарап қана қоймай, зорлық-зомбылықтың құрбаны да болып, ойын-құмарлық дертіне ұшырауда. Біздермен көптеген ата-әже, әке-аналар кездескен сайын осы мәселені жиі көтеретін болды. Хайп қуып, пранк деген желеумен ар-ұяттан аттау әдетке айналды. Қоғамда жанашырлық, мейірім, қамқорлық, аяныш, обал мен сауапты білу, қанағат пен қайырым, ілтипат пен ізет орнына қатыгездік, аяусыз озбырлық, алдап-арбау, өтірік, өсек, мақтаншақтық етек алып барады. Мектеп оқушылары арасында бір-біріне әлімжеттік жасап, қатыгездік жасау фактілері де әлеуметтік желілер арқылы кең таралуда», — деп дабыл қақты депутат.

Оның айтуынша, желінің осындай зиянды салдарларын ескере отырып, бірқатар әлем елдері TikTok-қа шектеу қойды. Мысалы, Үндістан ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіреді деп, 2020 жылдан бастап TikTok-қа толықтай тыйым салған. Индонезия 2018 жылдан бастап уақытша шектеу қойған. Бауырлас Өзбекстан 2021 жылдан бастап TikTok-қа тыйым салды. Қырғыз елі де шектеу енгізді. АҚШ Үкіметі де TikTok-қа ішінара шектеу енгізді. Еуроодақ елдері де өз шенеуніктерінің телефондарына TikTok орнатуға тыйым салды. Ал TikTok-ты ойлап табушы, яғни Қытайдың өзі де кәметтік жасқа толмаған балаларға «арнайы бала — TikTok» контентін ұйымдастырған. Қытайдың өзінде балалар TikTok-тың толық форматын пайдалана алмайды, нақты шектеу қарастырылған.

«Жалпы, мемлекеттің болашағы біздің жеткіншек ұрпақтың рухани, моральдық бет-бейнесіне байланысты. Сондықтан болашақ ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеп, сырттан келген моральдық қауіп-қатерге төтеп беріп, ұлттық кодымызды сақтаудың тетігін қоғам мемлекет болып бірге қалыптастыру керек. Бұл — біздің болашақ ұрпақты рухани құлдыраудан сақтап, ұлтымызды жаңа деңгейде қалыптастыратын ұлы күрес», — деді «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Ерлан Саиров.

Ендеше «ықпалды Парламент» тарапынан аталған проблема туралы айтудай айтылып-ақ келеді. Бірақ «еститін Үкіметтің» елең ететін түрі көрінбейді. Әрине, олардың экономикалық проблемалары бастан асып жатқан болар, бірақ идеологиялық мәселелерді де назардан тыс қалдыруға болмайды.

А Нұрлан ҚОСАЙ

«Депутаттық сауал Премьер-Министр Олжас Бектеновке бағытталады.

Құрметті Олжас Абайұлы!

Бүгінгі таңда балалардың әліппесі — әлеуметтік желі, емізгі — TikTok, бесік жыры — Instagram десек артық болмас. Адамзат баласын отырғызып-тұрғызған осы құбылыстардың әсері — әсірелеп айтсақ атом бомбасынан кем болмай тұр.

Өткен жылы әріптесім Ерлан Саиров TikTok платформасының қоғамдағы кері әсері туралы тиісті орындарға дабыл қағып еді, селт еткен жан жоқ.

Сенатор әріптесіміз Нұртөре Жүсіп «бұрын балаларды «тәк-тәкпен» тәрбиелейтін едік, қазір TikTok-пен тәрбиелеп жатырмыз» деп еді мінбеден. Өлі тыныштық.

Сөз жоқ, қазір — ақпараттық ғасыр. Әлеуметтік желілер өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Пайдалы жағы да жоқ емес. Алайда ұлттық тәрбие мен дәстүр-салтымыздың уықтарын талқандап, ақыл тоқтатпаған, жақсы мен жаманды әлі толық ажыратып үлгермеген балалар мен жасөспірімдерді меңдуана жегендей меңіреу әлемге бастап бара жатқан жағдайдың алдын алмасак опык жейміз.

Бұл ретте балалар мен жасөспірімдер арасында TikTok кеңінен танымал. Соңғы екі жылда 14,1 млн қазақстандық тіркеліпті. Бұл желінің негізгі тұтынушылары да — сол бесіктен белі шықпаған балалар мен жастар. Онда пайдалы контенттен гөрі, жастарға теріс әсер ететін зиянды ақпараттар өріп жүр.

Құмар ойындарды жарнамалау, стримдер арқылы әдепсіз әрекеттер көрсету, боқауыз сөздер, порнография, суицидке шақыру, діни уағыздардың онды-солды таралуы, буллинг, тыйым салынған заттардың жарнамасы секілді теріс әрекеттерге шақыратын лас ақпараттар

осы TikTok арқылы таралуда. Жасөспірімдердің TikTok-тан көргенін қайталап, жағымсыз қылық пен әдепсіз іске үйір болып бара жатқаны да жасырын емес. Мәселен, «Мысық серуені» деп аталатын челленджі мындаған жас қайталаса, оған қатысушылар подиум моделіндей көшеде өтіп бара жатқан адамдардың алдында



Жалпы, мемлекеттің болашағы біздің жеткіншек ұрпақтың рухани, моральдық бет-бейнесіне байланысты. Сондықтан болашақ ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеп, сырттан келген моральдық қауіп-қатерге төтеп беріп, ұлттық кодымызды сақтаудың тетігін қоғам мемлекет болып бірге қалыптастыру керек.

жүруі тиіс. Мән-мағынасы жоқ челленждің қаралымы 500 миллионнан асқан. Екі жастың біріне келмеген қыздарымызды бөксемен билеуге шақырып, арнайы үйрену үлгілерін ұсынып жатқан контенттер санырауқұлақтай қаптады.

Расында, қазір ұрпақ тәрбиесімен тікелей әлеуметтік желілер айналысуда. Соның салдарынан ұлттық құндылықпен сусындамаған жас ұрпақ өсіп келеді. Осыны ескеріп әлем елдері мұның одан әрі етек алуына жол бермеу мақсатында TikTok-қа шектеу қою немесе ондағы контентке бақылауды күшейтуді қолға алуда. Мәселен, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан елдері TikTok желісіне ішінара немесе толық шектеу қойды. Ал Франция үкіметі жасөспірімдердің интернетке қолжетімділігін заңнамалық деңгейде реттеді. Аустралия 16 жасқа дейінгі балаларға қолдануды заңмен шектеді. Осы жоғарыда аталған елдердің бір білгені бар шығар... Еуропалық Одақ, Канада, Ұлыбритания, Жаңа

Құрметпен, «AMANAT» фракциясының депутаттары — Жанарбек Әшімжан, Елнұр Бейсенбаев, Аманжол Әлтай, Қазыбек Әлішев. 19 ақпан 2025 жыл», — делінген депутаттық сауалда.

Онда айтылғандай, мұндай сауал бұған дейін де жолданған болатын. Ендеше сол кездегі айтылған жайттар әлі де болса өзектілігін жойған жоқ. Мәселен, былтыр 22 сәуір күні аманаттық Ерлан Саиров Премьер-Министрдің атына жолдаған сауалында таяқтың екі ұшы болатыны секілді, олардың пайдалы жақтарымен қатар, зияны да жеткілікті екенін, әлеуметтік желіге бесіктен белі шықпаған балалар мен әлі оң-солын танып үлгірмеген жасөспірімдеріміздің үйір болуы ата-аналарды қатты алаңдататынын атап өтті.

«Шектеусіз таратылымдағы әлеуметтік желілер пайдалы білім алып, үнемі қозғалыста болуға тиіс балалардың алтын уақытын ұрлағанымен қоймай, олардың денсаулығына, психикасына да теріс әсер етуде. Әсіресе, балалар арасында кең

ҚОҒАМ

22 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

«Бомба қойылды». Соңғы кездері осындай хабарламамен «телефон террористері» тараздықтардың үрейін алуда. Жыл басынан бері құрылымдық мекемелердің жеке пошталарына мұндай бес жазба түсіп, құқық саласы мамандарын тік тұрғызды. Абырой болғанда бұл хабарламалардың бірде-біреуі дәлелін таппады. Десе де, бұл тұрғындар мен тәртіп сақшыларын әбігерге салып қана қоймай, қазынаға қомақты шығын келтіруде. Сонда мұндайда қайтпек керек? «Телефон бұзақылары» Таразды неге төңіректен кетті? Жалған хабарлама таратушылар неге құрықталмай отыр?

ЖАЛҒАН СӨЗДІҢ ЖАЗАСЫ АУЫР



А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Өткен сенбиде әлеуметтік желілерде қаладағы ең ірі сауда, ойын-сауық орталығы MART-та жарылғыш зат қойылғаны туралы хабар тарайды. Құқық саласы қызметкерлерінің жедел әрекет етуінің нәтижесінде сауда орталығынан екі мыңға жуық адам эвакуацияланды. Оқиға орнына Жамбыл облысы бойынша Полиция департаменті, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері, арнайы жедел әрекет ету жасағы, жедел-тергеу тобы және кинологтар келіп, сауда орталығының ғимаратын қуыс-қуысына дейін тінтіп шықты. Абырой болғанда, бомба қойылғаны туралы ақпарат жалған болып, сауда орталығы қалыпты өміріне қайта оралды. Алайда тәртіп сақшылары тексеріп шыққан 2 сағат ішінде жұрт жүрегін шүберекке түйіп, үреймен отырғаны анық.

Бұл оқиғаға дейін бір жеті бұрын полицияның «102» жедел желісіне Тараз қаласындағы екі колледжде жарылғыш заттар қойылғаны туралы да хабарлама түсті. Мұнда да оқытушылар мен студенттер қауіпсіз жерге шығарылып, оқу орнын мамандар толықтай тексерді. Жарылғыш зат туралы хабарлама жалған болып шықты.

Қаңтар айының аяғында да тараздықтар «телефон террористерінің» шабуылына ұшырады. Бұл жолы «Мыңбұлақ» шағын ауданында орналасқан «Айрылмас» сауда орталығына жарылғыш зат қойылғаны туралы

ақпарат тарайды. Кейіннен белгілі болғаны Мәскеу қаласынан Ішкі істер министрлігінің электрондық поштасына кәсіпкерлік нысанға бомба қойылғаны туралы хабарлама жіберілген екен. Бұл жолы да жарылғыш зат қойылғаны туралы ақпарат шындыққа жанаспады.

Облыстық Полиция департаменті мамандарының айтуынша, бұл биылға келіп отырған бесінші хабарлама екен. Небәрі 2 айдың ішінде жамбылдықтар бес мәрте «телефон террористерінің» алдауына ұрынып отыр. Ал ең сорақысы, жалған шақыртулардың дені шет мемлекеттерден түсетін көрінеді. Тағы бір қорқыныштысы, хабарламалардың мәтінінде адамзат баласына деген өшпенділік, жауыздық пен қанқұмарлық белгілері байқалады. Мұны MART ойын-сауық орталығына бомба қойылғаны туралы хабарламадан аңғардық. Мәтінде «Сауда үйіне 3 келі тротил қойдым. Эвакуацияға 1 сағат уақыттарын бар. Сендер іріп-шіріген адамсыңдар. Бұл жолы кешірім болмайды. Барлықтарыңның миларынды шашып жіберемін» деген жантүршігерлік сөздер жазылған.

Бір қарағанда бұл өмірге өкпелі, денсаулығында психикалық ауытқуы бар адамның немесе әрекетін ойын көріп отырған баланың тірлігіндей көрінді. Әсіресе, кішкентай баланың ісі болу ықтималдығы жоғары секілді. Өйткені қолымызға түскен хаттың көшірмесінен аңғарғанымыз, мәтінде грамматикалық қате көп. Сондай-ақ жазу тілі де мектеп жасындағы жеткіншектің мәнеріне сай келеді.



Жамбыл облысында 2024 жылы 7 жалған хабарлама түссе, оның тек біреуі ғана ашылып сотқа жолданған. Ол азамат биыл 11 ақпанда Тараз қалалық №2 сотында терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлағаны үшін 2 жылға сотталды.

Жалпы, облыста оқушылардың «ойнаймын» деп от басқан жағдайлары бұған дейін де болған. Мәселен, алдыңғы жылы тараздық 2 оқушы 10 млн теңге төленбесе, мектепті жарып жіберетінін мәлімдеген еді. Жамбыл облысы Полиция департаментінің экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының және Тараз қалалық Полиция департаментінің экстремизмге қарсы іс-қимыл бөлімі қызметкерлері жедел әрекет етіп, жалған ақпарат берген оқушылар 8-сыныпта білім алатынын анықтаған болатын. Нәтижесінде, оқушылардың ата-аналары жауапкершілікке тартылып, 17 млн теңге айыппұл төлеуге міндеттелген.

Жарылғыш зат қойылғаны туралы хабар таратушылардың денсаулығында психикалық ауытқуы болуы мүмкін деуіміздің де дәлелі бар. Атап айтсақ, өткен жылдың басында Меркі аудандық Полиция бөліміне Жамбыл облыстық наркологиялық диспансерінде жарылғыш құрылғының орнатылғаны туралы қоңырау келіп түскен. Экстремизмге қарсы іс-қимыл бөлімінің қызметкерлері жүр-

гізген жедел-іздігіру іс-шараларының нәтижесінде осы ауданның 20 жастағы тұрғыны ұсталып, есірткіге мас күйде қоңырау шалғанын мойындады. Ол 2023 жылы жоғарыда аталған мекемеде мәжбүрлі түрде стационарлық емдеуден өткен.

Өткен жылдардың бедеріне көз салсақ, мұндай жағдай өте көп. Мәселен, 2022 жылы Тараз қаласындағы Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің ғимараттарына жарылғыш зат қойылғаны туралы екі күн қатарынан хабар түскен. Сонымен қатар Шу ауданында мектеп мұғалімі ашық сабағын өткізбеу үшін «білім ордасында бомба бар» деп жұрттың жағасын ұстатты. Жамбыл ауданына қарасты Гродеково ауылында да белгісіз адам білім ордасына жарылғыш зат қойылғаны туралы жалған ақпарат таратқан. Сондай-ақ «телефон террористері» Меркі шипажайына да жармақшы болды. Тараз қалалық ПБ-ның Жедел бақылау орталығына белгісіз адам 33 жастағы тұрғын Меркі шипажайына сөмкесіне жарылғыш зат салып апара жатқанын хабарлаған. Алайда күдіктіні құрықтағанда бұл есірткіге еліткен адамның әзілі болып шықты.

Бұл біз білетін деректер ғана. Ал арнайы қызметтердің елді үрейлендірмеу үшін жария етпе-

сондай-ақ 5 жылға дейін бостандықты шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасына кесіледі. Ал егер жалған хабарламаларды жіберуші азамат қылмыстық жауапкершілік жасына жетпеген жағдайда оның ата-анасына балаларды тәрбиелеу шараларын қабылдамағаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Сонымен қатар сот шешімімен жалған шақырту салдарынан объектінің иесіне немесе мемлекетке келтірілген залалды өтеу туралы қылмыскерге талап-арыз қойылады.

Бұл тұрғыдан келгенде тәртіп сақшылары мұндай «өзіл-қойларды» аяп та жатпаған секілді. Мәселен, республика бойынша 2024 жылы ішкі істер органдары әртүрлі нысанда жарылғыш құрылғылар орнатылғаны туралы көрінеу жалған хабарламалар бойынша 247 қылмыстық іс тіркеген. «Жалған терроризм» фактісі бойынша 48 күдікті ұсталса, оның 15-і кәмілетке толмағаны анықталған. Қазір қылмыстық жауапкершілікке 13 адам, оның ішінде бір жасөспірім тартылған. Балаларды тәрбиелеу шараларын қабылдамағаны үшін 6 ата-анаға шара қолданылған.

Ал Жамбыл облысында 2024 жылы 7 жалған хабарлама түссе, оның біреуі ғана ашылып сотқа жолданған. Ол азамат биыл 11 ақпанда Тараз қалалық №2 сотында терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлағаны үшін 2 жылға сотталды. Үкімге сәйкес, сотталған тұлға өткен жылдың 1 қарашасында Beeline байланыс орталығына хабарласып, тарифтік жоспарына ақша бірлігі негізсіз алынғанына ашуланып, Тараз қаласында орналасқан орталыққа жарылғыш зат қойғанын және түнгі 00:00-де жарылатынын хабарлаған. Аталған орынға Жамбыл облысының құзырлы органдары барып, жарылғыш заттың жоқ екенін анықтаған. Осылайша, сот отырысында жалған хабарлаушының кінәсі дәлелденіп, 2 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Сонымен қатар мемлекеттік органдардың тұрақты жұмысына кедергі келтіргені үшін сотталғаннан айыппұл түріндегі өтемді мемлекетке өндіру міндеттелді.

Әрине, байыбына бармай жатып байбалам салудан аулақпыз. Алайда Жамбыл облысында өткен жылы тіркелген 7 жалған хабарлама тарату қылмысының тек біреуі ашылуы ойландырмай қоймайды. Сондай-ақ биылғы жылдың небәрі екі айында 5 жалған хабарлама түсуі «телефон террористерінің» басынғандығын көрсетіп тұр.

Осы ретте Эзоптың «Қасқыр!» деп айқайлаған бала» атты тәмсіл ертегісі еске оралып тұр. Ауылдастарына қойға қасқыр шапқаны туралы өтірік айтып, бірнеше мәрте дүрліктірген баланың шын мәнінде қасқыр шапқанда жанұшыра шақырған даусына ауылдастары мән бермей қояды емес пе?! Сол секілді келесі жалған хабарламаны әдеттегінің бірі ретінде қабылдап, оның аяғы орны толмас қайғыға ұласып жүрмесін...

ӨЗЕКТІ

22 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

Мерзімді басылым сататын дүңгіршек алдында қарақұрым кезек тұратын заман тарих қойнауына кетті. Ол кезде жұртшылықтың интеллигент-оқымысты бөлігі таңертең жұмысқа бара жатып жаппай газет алатын. Жүгіріп кеш жеткеніне басылым жетпей қалатын. Бүгінде дүңгіршектегі газет-журнал саудасы түбегейлі тоқырады. Смартфондағы жаңалықтар таспасы ауыстырған ол дәуірді ешкім сағынбайтындай. Шынында, озық елдерде дүңгіршектен газет алып оқу сән мен салт саналады. Қазақстан неге зайырлылық пен зиялылықтың бұл нышанынан айырылып қалды?

Еуропаға, тіпті түбіміз бір Түркияға барғанда қазақстандықтар байқаған болар? Орталық көшелерде мерзімді басылым дүңгіршектері аяқ басқан сайын кездеседі. Одан қала көшелерінің картасын, көлік картасын, анықтамалықтарды, туристік нұсқаулықтарды, кітаптарды, түрлі кәдесыйды сатып алуға да болады. Олар шетелдік саяхатшылар үшін де тартылыс орталығына айналды. Жергілікті тұрғындар осы дүңгіршектерден жолай газет-журнал, кітап алып, метрода, трамвайда, аялдамада, парктерде, дәмханаларда оқып отырады.

Қазақстанда мұндай көрініс ізім-ғайым жоқ болды. Ал елде дүңгіршектен сатуға тұрарлықтай газет-журнал жетерлік. Мәдениет және ақпарат министрлігінің дерегіне, қазір мерзімді басылымның саны 4 800-ден асады. Олардың арасында, әрине «Бәленше университеттің жаршысы» («Вестник университета...») деген сияқты тақырып ауқымы тар, аудиториясы шектеулі журнал жетерлік. Бірақ іріктесе, елді елден алатыны да баршылық.

Министрлік газет-журнал саны апта сайын артып жатқанын хабарлады: «Қазақстанда 2024 жылы жалпы саны 506 БАҚ есепке қойылды. Соның ішінде 114-і – мерзімді баспасөз», – деп мәлім етті ведомство. Онда неге дүңгіршектердің «дәм-тұзы» таусылды? Кәсіпкер Қарлығаш Әкімбақызы өзін елордада осы бизнестің бастауында тұрған адамның бірі деп таныстырады. 90-жылдардан Ақмола, кейін елорданың орталық көшелерінде бірнеше дүңгіршегі болыпты.

«Бастапқыда тек ресейлік газет-журналдарды сатып жүрдік. Кейін қазақ басылымдарын қостық. Оқырмандар «Қазпоштадан» таба алмаған газетін бізден алатын. Депутаттардың көмекшілері таңертең жарыса хабарласып, қажетті мақаласы шыққан басылымды сақтап қоюды сұрайтын. Мені қазақ газеттері редакциясының бәрі біледі. «Газеттеріңді уақытылы жеткізіп тұрыңдар!» деп басшыларына дейін талай кірдім. Ымыраға келгені шамалы. Кейбір таралымы тек жазылушы санына шақтап шығарады екен. Жеткізетін экспедиторы болмады. Басты республикалық басылымдар артық басқанын билік органдарына таратып жүрді, бізге тимеді», – дейді Қарлығаш апай.

Қала басшылығы ауысқан сайын жана әкімнің командасы дүңгіршек атаулыға қырғидай шүйлігіп, «шаһар сәулетін бұзады» деген сылтаумен шетінен күресінге жіберті. Бұл жерде «Баспасөз өнімдерінің сауда нүктелерінің» қазақ редакцияларына қиянат жасағанын жасырудың қажеті жоқ. Мысалы, алатын газет-журналдар үшін алдын ала ақы төлемейтін, ал өткізген нөмірі үшін ақыны уақытылы бермейтін. «Ала қойды бөле қыр-

БАСПАСӨЗГЕ ТОСПА ҚҰРҒАН КІМ?



қып», кейбір басылымды сатып алушының көз алдында көрме қып жайса, енді бірін сөресінің астында ұстап, сұраушыға ғана ұсынатын. Соның кесірінен өтпей қалған газет-журналдардың нөмірлері өзектілігін жойып, мерзімі өткен шақта бума-бума, қорап-қорабымен редакцияларға апарып тастаушы еді. Қорыта айтқанда, бұл бизнестің күйреуіне тараптардың бәрі үлес қосқандай.

ҚОС МИНИСТРЛІКТІ ТЕЛ ЕМСЕ ДЕ ОНБАДЫ

Қазақ баспасөзі өзінің ең ірі бір аудиториясынан – ауылдан айырыла бастады. Бұған депутаттар Үкіметті айыптап отыр. Олардың түсіндіруінше, газет-журналдардың үстінен Мәдениет және ақпарат министрлігі қарайды, ал газет-журналдарды өңірлерге таратуға неге екені белгісіз. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігін жауапты етіп қойған.

Бұл ведомство осы маңызды іске бірінші емес, жүзінші, бөлік, мыңыншы кезекте мән береді. Себебі оның мойнында елдің цифрлық дамуы, инновациялық қызмет, байланыс, ХҚКО-лар мен электрондық үкіметті дамыту, ақпараттық қауіпсіздік, аэроғарыш өнеркәсібі, геодезия, картография және басқа қат-қабат, қаптаған саланың қырық есекке жүк болар міндет-мәселесі бар. «АМАНАТ» фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай қазір қияндағы түгіл орталықтағы елді мекендерге газет-журнал жете алмайтынына назар аударды.

– Соңғы уақытта абоненттерге мерзімді баспа басылымдарын

Цифрлық даму министрінің орынбасары Асхат Оразбек мерзімді баспасөздің таралымына жауапкершіліктен құтылуға қазірден дайын екендерін жеткізді. Бұл салаға мемлекет беретін демеуқаржы да үш еседен астамға құлдырап кетіпті.

жеткізу бойынша пошта қызметтерін жете қаржыландырмау созылмалы сипат алды. Оны өз бетінше көтеруге ұлттық пошта операторының күші жетпейді. Ол тиісті тарифін жоғарылатса, онда жазылушылар үшін газеттер мен журнал құны артып, қолжетімсіз болады. Ешкім алмаса, әрине басылымдар жаппай жабылады, – деді Аманжол Дүйсенбайұлы.

Оның мәліметінше, «Қазпоштань» ауыл-аймаққа басылымдарды жеткізу ісін субсидиялауға Цифрлық даму министрлігі жауап береді, ол үшін бұл – басымдық емес. Содан бұл бағытта демеуқаржы тапшылығы туындаған. Депутат бұл істі субсидиялау цифрлық емес, ақпараттық ведомствоға берілуі қажет деп санайды. Өйткені Қазақстанда бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға сол жауап береді. Газет ауылға жетпесе, қазақы БАҚ қалай өркендейді? Тек өрісі тарыла бермек.

Цифрлық даму министрінің орынбасары Асхат Оразбек мерзімді баспасөздің таралымына жауапкершіліктен құтылуға қазірден дайын екендерін жеткізді. Бұл салаға мемлекет беретін демеуқаржы да үш еседен астамға құлдырап кетіпті.

– Бізге осы істі субсидиялауға жыл сайын бюджеттен 10 миллиард теңге берілетін. 2024 жылы

3 миллиард теңге бөлінді. Қаржыландыру мәселесі бізге байланысты емес. Бұрын біздің министрлік Ақпарат министрлігіне біріктірілген еді. Ақпарат және коммуникация министрлігі деген болды. Сонда субсидия бірге берілген-тін. Бұл сол кезден бізде қалып қойған ескі жұрнақ. Кейін министрлік екіге ажырады. Басылымдарды тарату қызметін Мәдениет және ақпарат министрлігі өзіне алуы керек деп ойлаймын, – деді цифрлық даму вице-министрі.

«Аманаттық» депутат Айдос Сарым ел Президенті түрлі іс-шарада елдің газет-журнал оқуына қатысты нақты тапсырма бергенін қаперге салды.

– Мен консерватор адаммын, газет-журнал, кітап оқуды жақсы көремін. Газет жойылады деген жаңсақ пікір. Дұрыс насихаттасак, ол жана замандарда да өз орнын табады. «Қазпоштань» ауыл-аймақта 3 мыңдай бөлімшесі, 20 мыңдай жұмысшысы істейді. Сол жұмыс орнын сақтаудың бір жолы – газет пен кітап жеткізу. Ол үшін біріншіден, «Қазпоштань» өзі редакциялармен тікелей қарым-қатынаста болуы қажет. Екіншіден, баспасөзді насихаттауы керек. Бұрын пошташылар үйді-үйді аралағанда газетке жазылуға шақырушы еді, – дейді депутат.

Үшіншіден, қазіргі уақыт талабына сай, «Қазпошта» өз сервисінде қазақ газеттерін жазылуға мүмкіндік беретін ортақ опцияны, өзіндік маркетингті іске қосқаны абзал, әйтпесе қазіргі оқырман әр газеттің сайтына жеке копа-

бойынша келіссөз жүргізудеміз. Осы мәселені Үкімет пен Парламент бірге қарастыруы керек деп ойлаймын, – деді еліміздің бас пошташысы Ә.Жанасова.

«АМАНАТ» фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 15 наурызда, Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында «оқитын ұлтқа айналу» міндетін қойғанын ескертті. Газет оқымайтын ел оқымысты болмайтыны анық.

– Елімізде әлі күнге ауыл-аймақ газет-журнал басылымдарына «Қазпошта» арқылы жазылады. Бірақ оны ұйымдастыру жұмысы нашар. Ауыл-аймақ тұрғындары газет-журналдарын апталап, айлап кешіктіріп алады. Содан басылымдардың таралымы күрт төмендеп кеткенін білеміз. Енді газет-журнал сататын арнайы дүңгіршектер жоқ. Бұрын «Қазпошта», «Дауыс», «Қазбаспасөз» сияқты дүңгіршектер қаптап тұратын. Бүгінде олардың ешқайсысы жоқ, – деді Елнұр Сабыржанұлы.

Оның айтуынша, қазір «Қазпошта» басшылығы қаржы табумен, шығын жабумен шектен тыс елігіп кетті. Ұлттық пошта операторы банк, брокер, дәрі-дәрмек дистрибуциясы, Қытай, Ресей маркетингтерінің тауарларын жеткізіп беру сияқты қызметтерге басымдық береді.

«Олар «Қазпоштань» қарызын жоямыз, қырып ақша табамыз дейді. Меніңше, ұлттық пошта қызметі болғандықтан, ол идеологияға мән беруі қажет. Оған тиражын сеніп тапсырған қазақ газеттерін ауылдағы оқырманына жеткізбесе несі ұлттық? Әлеуметтік жоба ретінде қарастырып, Қазақстанда «Дауыс» сияқты дүңгіршектерді қайта жаңғырту керек. Біз интеллектуалды ұлт жасамасақ, «Қазпоштань» қыруар қаражатқа кенелгенінен ешқандай пайда жоқ!» – деді депутат.

«Қазпошта» АҚ басқарма төрайымы бұл проблемадан жақсы хабардар екенін жеткізді: «Мен де осыған уайымдаймын. Біз сәлемдеме-тауар тасудан, қаржылық сервистен тапқан пайданың 10 миллиард теңгесіне газет-журнал таратылымының шығынын барынша жауып жатырмыз. Газет-журналдардың жағдайына Цифрлық даму министрлігі жауапты. Меніңше, бұл дұрыс емес! Себебі бұл министрліктің басты бағыты – цифрландыру. Сондықтан депутаттар заңнама аясында осы мәселелерді шешіп берсе, үлкен септігін тигізеді», – деді Ә.Жанасова.

Биылғы 2 ақпанда Ұлттық басылым күніне арналған құттықтауында Президент Қ.Тоқаев баспасөз елді өркендету және мемлекеттімізді нығайту жолында еңбек етіп жатқанын атап өтті. Газет ұлттық сана-сезімді дамытуда айрықша рөл атқарады. «Қазақ басылымдары әрдайым халықтың үні, төл руханиятымыздың берік қорғаны. Біз оның бай тарихын, ағартушылық дәстүрін мақтан тұтамыз!» – деді Мемлекет басшысы. Алайда Үкімет, әкімдер мен «Қазпошта» қордаланған мәселесін шешпесе, таралу өрісі тарыла берсе, қазақ баспасөзі жойылып, билікке оның тек тарихымен мақтану ғана қалмай ма?..

Елдос СЕНБАЙ

МӘСЕЛЕ

22 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

Ақмола облысында жергілікті бюджет кірістері жылдық жоспардан асып түскеніне қарамастан, бөлінген қаражаттың едәуір бөлігі игерілмей қалған. Әсіресе, білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы күрделі жөндеу жұмыстары мерзімінен кешіктіріліп, кейбір жобалар мүлде орындалмаған. Бұл жағдай оқу процесі мен медициналық қызмет сапасына кері әсерін тигізіп отыр. Облыс басшылығы қаржының тиімді жұмсалыуын қатаң бақылауға алу қажеттігін ескертіп, жауапты органдарды жедел шаралар қабылдауға шақырды.

А Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Облыстық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының мәліметінше, жылдық жоспарға сәйкес Ақмола облысына қарасты аудандар мен қалалар өз кірістерін асыра орындап, кіріс деңгейі 5,9 миллиард теңгеден асып жығылған. Мұның ішінде аудандар мен қалалардың бюджеті 5 миллиард теңгеге жеткен. Дегенмен облыс аумағындағы аудандардың басым бөлігі жергілікті бюджет қоржынынан бөлінген қаражатты толықтай игере алмаған болып шықты. Түйткілді мәселе облыс әкімінің төрағалығымен өткен жиын барысында тағы бір мәрте көтерілді.

Өткен жыл басында 96 бірдей іргелі жобаны аяқтауға облыс бюджетінен 47 миллиард теңге толықтай бөлінген. Алайда жалпы сомасы 36,3 миллиард теңгенің 66 жобасын аяқтауға қаражат тапшы болып қалған. Мәселен, 2023 жылы 14,5 миллиард теңге қажет болғанда 1,6 миллиард теңге сомасына 30 жоба басталған. Басталған 178 жобаны аяқтауға 67 миллиард теңге қажет болып шықты. Өйткені тек соңғы үш жыл ішінде ғана 173 жобаға 77 миллиард теңгеге түзету жасалып, оның 40-ы қаржыландырылған.

Облыстық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Алмагүл Шүгірмақова облыс бюджетінің бекітілгенін күтпей, көп жобаны аяқтауға жергілікті бюджеттен қаржы қарастыруға шақырды.

— Мүмкіндігінше жұмыстарды аяқтауға облыстық бюджеттің нақтылануын күтпей, өз бюджеттеріңізден қаражат іздеңіз-



ҚАРАЖАТ ҚАП ТҮБІНДЕ ЖАТПАСЫН



дер. Сонымен бірге өткен жылдың қорытынды нәтижелері бойынша облыстың мемлекеттік кірістеріне түсімді ұлғайту бойынша шаралар жоспарын жүзеге асыру өңір бюджетін қосымша 8 миллиард теңге түсіммен қамтамасыз етті. Оның ішінде еңбекті төлеу қорынан 4 миллиард теңге, яғни қажеттісі болды. Дегенмен іс жүзінде білім беру және денсаулық сақтау саласына бөлінген қаражат

қаражат игерілмей қалған, — дейді Алмагүл Шүгірмақова.

Басқарма басшысының дерегінше, әсіресе, облыс аумағында әлеуметтік сала — білім беру және денсаулық сақтау нысандарына күрделі жөндеу жүргізуге бөлінген қаражат іс жүзінде игерілмей қалған.

— Әлеуметтік сала нысандарының күрделі жөндеу жұмыстарында өрескел жағдайлар

талған. Атап айтқанда, Ақкөл, Атбасар, Біржан сал, Ерейментау, Жаксы, Астрахан, Бурабай, Егіндікөл, Жарқайың, Сандықтау, Целиноград, Шортанды аудандары мен Степногорск қалаларындағы білім беру нысандарында жұмыстардың уақытында аяқталмауы мектеп оқушыларының оқу процесіне елеулі кедергісін тигізген.

Сорақысы сол білім беру нысандарына жөндеу жүргізуге тиіс 7 жоба бойынша жұмыс мүлде орындалмаған болып шықты. Салдарынан 1 миллиард 348 миллион теңгеден астам қаражатты Ерейментау, Целиноград, Бұланды және Қорғалжын аудандары бюджетке кері қайтарылған.

Мамандар нысандарға жұмыстардың жүргізілуінің бірнеше себебін атады. Атап айтқанда, конкурс рәсімдерінің кеш өткізілуі, жұмыс кестесінен қалып қою, мердігердің келісімшарт міндеттемелерін орындамауы бағдарламалар әкімшісі, Білім басқармасы мен жергілікті жерлердегі әкімдердің тарапынан іске тиянақты бақылаудың болмағанын айғақтайды. Ал ең басты өкініштісі сол — бұл Ерейментау ауданындағы Ақмырза

жөндеуден өткізуге 2 миллиард теңге қаржы бөлінгенімен, оның тек оны бойынша жұмыстар толықтай аяқталған. Атбасар, Степногорск, Ақкөл, Аршалы, Қорғалжын және Шортанды аудандық ауруханалары бойынша жөндеу жұмыстары келесі жылға көшірілген. Ал Көкшетау қаласы көпбейінді ауруханасын күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары толықтай орындалмаған болып шықты.

Жұмысты аяқтауға 5 ай мерзімді уақыт беріліп, 190 миллион теңге бөлінген. Оның ішінде 134 миллион теңгеден астамы бюджетке кері қайтарылған болып шықты. Мердігер ұйымның келісімшарт міндеттемелерін орындамауына байланысты қаражат кері қайтарылған. Қазан айындағы жұмыс кестесінен жұмыс көлемінің 17 пайызы ғана орындалғандықтан, қаражат бюджетке қайтарылған. Қазір аталған мәселе бойынша сот болып жатқандықтан, бұл өз кезегінде жөндеу жұмыстарының биыл да жүргізуге мүмкіндік бермейтінінен хабардар етеді. Бұл жерде де облыстық Денсаулық сақтау басқармасы тарапынан бақылаудың нашарлығы байқалады.

Облыстық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы облыс бюджетінің бекітілгенін күтпей, көп жобаны аяқтауға жергілікті бюджеттен қаржы қарастыруға шақырды.

болғанына ерекше тоқталғым келеді. Күрделі жөндеу көлеміне құрылыс-монтаж жұмыстары кіреді. Тиісінше, ол облыс дамуының негізгі көрсеткіштеріне тікелей әсер етеді. Мәселен, былтыр білім беру нысандарына күрделі жөндеу жұмыстарын өткізу үшін 67 жобаға 7,3 миллиард теңге қаражат бөлінген. Бірақ іс жүзінде 60 жоба бойынша ғана жұмыстар аяқталды. Онымен қоса, оқу жылының басталуына тек 40 жоба бойынша ғана жөндеу жұмыстары дер кезінде аяқталды, — дейді Алмагүл Шүгірмақова.

Яғни, іс жүзінде қалған 20 жоба бойынша білім беру нысандарын жөндеу жұмыстары мерзімдері бұзыла отырып аяқ-

және Сілеті ауылдарында, Целиноград ауданына қарасты Ақмол және Қабанбай ауылдарында, Бұланды ауданындағы Никольское селосындағы мектептер мен Қорғалжын ауданына қарасты Қорғалжын ауылындағы балабақша балаларының жайлы білім алуына қолайлы жағдай туғыза алмауға әкеліп соққан. Салдарынан аталған жобаларды биыл аяқтау үшін өңір бюджетінен тағы да 1,4 триллион теңге қосымша қаражат іздеуге мәжбүрлік туындаған.

Түйткілді жағдай аймақтың денсаулық сақтау саласын да былтырға белшесінен батырған. Мәселен, былтыр өңірде 17 денсаулық сақтау нысанын күрделі

Облыс әкімі биыл қарастырылған бес денсаулық сақтау ұйымы нысанын жөндеуге бөлінген 1,9 миллиард теңгенің, сондай-ақ 32 білім беру нысандарын жөндеуге бөлінген 7,1 миллиард теңгенің де бақылаудың жоқтығынан ақшаның желге ұшуы қайталанбауы қажеттігін қатаң ескертіп, аудан және қала әкімдері мен облыстық басқарма басшыларына, тіпті күн сайын бақылауға алуды қадап тапсырды.

P.S.

Қалай бақылауға алса да, аталған қос саланың өзінде бұдан өзге де қордаланған мәселелер әлі де жетіп артылады. Бұл халыққа ең басты қажет салалар болғандықтан, түйткілді мәселеге құзырлы органдар мен жергілікті атқарушы биліктің сылбыр әрекетті қойып, тиісті жұмыстарды бақылауға алып, жауапкершілік жүгін сезінуі қажет деп санаймыз...

БІЗДІҢ СҰХБАТ

22 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

Қазақ боксы туралы пікір сан алуан. Қазақ боксының бүгінгі деңгейіне көңілі толмайтындар қатары артқан. «Соңғы он жылдықта ұлттық құрама биік тұғырдан көріне алмай жүр» деген ой қалыптасып келеді. Әсіресе, соңғы Парижде өткен Олимпиададан кейін бұл пікірдің растығына көз жеткендей. Алайда бұл олқылықты түзетуге қауқарымыз жете ме? Бұған ұлттық құраманың бас бапкері не дейді? Біздің Қайрат Сәтжановқа қойған сауалымыз да осы болды.

— Қайрат мырза, соңғы жылдары ұлттық құрамаға айтылар сын көп. Жалпы, қазақ боксының қазіргі жағдайы туралы не айтасыз?

— Қазір Қазақстан боксы жыл сайын қарқынды дамып келеді. Боксшыларымыз түрлі халықаралық жарыста жоғары нәтижелер көрсетіп, ел намысын абыроймен қорғап жүр. Егер бес балдық жүйемен бағалайтын болсақ, құраманың бүгінгі деңгейіне төрт балды берер едім.

Ұлттық құрамамыздың әлемдік деңгейдегі көрсеткіштері жаман емес, керісінше, үздіктер қатарындамыз. Соңғы өткен әлем чемпионатында біздің боксшылар 4 алтын медаль еншіледі, ал Азия чемпионатында 5 алтынға қол жеткіздік. Бұл — өте жоғары нәтиже. Сонымен қатар жуырда өткен Қазақстан чемпионаты да үлкен қызығушылық тудырды. Бұл додаға 238 боксшы қатысып, жоғары деңгейде өнер көрсетті. Біздің ішкі чемпионатымыздың деңгейі өте жоғары, себебі бәсекелестік күшті. Ұлттық құрама сапында жүрген бірнеше мықты боксшымыздың жүлделі үштікке кіре алмай қалуы — соның айқын дәлелі.

Соңғы жылдары жаңа есімдер көптеп шығып жатыр. Біз жас таланттардың дамуына ерекше көңіл бөліп отырмыз. Олардың біразы қазір Испанияда оқу-жаттығу жиындарын өткізіп жатыр, ал келесі топты Сербияға жіберуді жоспарлап отырмыз. Бұл — болашақ чемпиондарды тәрбиелеу жолындағы маңызды қадам.

Жалпы, Қазақстан боксы қарқынды дамып келеді, бұл үрдіс алдағы жылдары да жалғасады деп сенеміз.

— Бірнеше ай бұрын Азия чемпионаты өтті. Нәтижеге көңіліңіз толды ма?

— Егер өткен жылдармен салыстыратын болсақ, Қазақстан құрамасының нәтижелері біршама өзгергенін байқаймыз. 2017 жылы Ташкентте өткен Азия чемпионатында біз тек 1 алтын алсақ, 2019 жылы Тайландта бұл көрсеткіш 2 алтынға жетті. Ал 2021 жылы, өкінішке қарай, алтынсыз қалдық. 2022 жылы Йорданияда өткен чемпионатта боксшыларымыз 3 алтын жеңіп алды.

Бытырғы нәтиже осы динамиканың жалғасы болды. Біз жігіттердің қарқынын, алға ұмтылысын байқап отырмыз.

Азия чемпионатына алдын ала болжам жасап, 7 алтын медаль алуға мақсат еткен едік. Өкінішке қарай, кейбір факторлар бұл жоспарымызға әсер етті. Соның бірі — төрешілердің жіберген қателіктері. Мысалы, 80 келі салмақ дәрежесінде біздің боксшымыздың айқын басымдықпен жеңгені көрерменге де, сарапшыларға да анық болды. Алайда әділетсіз шешімнің салдарынан алтын медаль бізге бұйырмады. Кейін жарыс аяқталған соң дұрыс төрелік етпеген судьялардың жұмыстан шеттетілгені туралы ақпарат тарайды.

Дегенмен, жалпы алғанда, біздің спортшылар жоғары деңгейде өнер көрсетті. Олар өздерінен күтілген нәтижені ақтады деп айтуға болады. Бұл — Қазақстан боксының алға қарай дамып келе жатқанының белгісі.

— Осы жарыста жаңа есімдерді көзіміз шалды. Бұл олардың ұзақ жылғы еңбегінің нәтижесі деп білеміз бе? Жалпы, спортшының рингте жарқырауы неге байланысты?

— Әрине, ең бастысы — еңбек. Бұл чемпионатта құраманың негізгі боксшылары бар күш-жігерін салып, соңына дейін шайқасты. Дегенмен ерекше атап өтетін спортшылар да бар.

Кәсіпқой бокста өздерін сынап көрген Абылайхан Жүсіпов пен Ризат Нұрдуәлетов ұлттық құрамаға қайта оралып, Азия чемпионатында бақтарын сынады. Олар тамаша өнер көрсетіп, алтыннан алқа тақты. Бұл — олардың тәжірибесі мен шеберлігінің әлі де жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

Сонымен қатар Сабырхан Махмұд өткен Азия чемпионатында күміс жүлдегер атанған болатын. Бұл жолы ол өзінің ессін қайтарып, алтын медаль жеңіп алды. Жарыс барысында ол өзінің шеберлігі мен жігерін дәлелдеп, лайықты жеңіске жетті.

Тағы бір ерекше көзге түскен боксшы — Толғанбай Сағындық. Ол өзінің бабында екенін көрсетіп, чемпион атанды.

Ал Айбек Оралбай үшін бұл Азия чемпионатындағы кезекті жетістік болды. Бұған дейін екі мәрте Азия чемпионы атанған Айбек бұл жолы салмақ дәрежесін өзгертіп, Өзбекстанның бірінші нөмірлі боксшысын айқын басымдықпен жеңіп, өз мықтылығын тағы бір мәрте дәлелдеді.

— Алдағы жарыстарда құрамада өзгерістер болуы мүмкін бе?

— Өзгерістер болуы әбден мүмкін. Қазір біздің 3-4 нөмірлі боксшыларымыз Испания, Болгария, Сербиядағы оқу-жаттығу жиын-



Қайрат СӘТЖАНОВ,
Ерлер ұлттық құрамасының бас бапкері:

БІЗДІҢ МАҚСАТ — СПОРТШЫЛАРДЫ

дарына қатысып жатыр. Мұндай жиындар мен халықаралық жарыстар — боксшылар үшін өзін дәлелдейтін басты алаң.

Құраманың негізгі қағидасы — әділеттілік пен бәсекелестік. Кім өзін дайындық барысында, спаррингтерде, ресми жарыстарда жоғары деңгейде көрсетсе, сол құрама сапында қалады. Былайша айтқанда, бәрі спортшылардың өз қолында.

Жаттығу процесінде, халықаралық турнирлерде өзін жақсы қырынан көрсеткен боксшылар алдағы ірі жарыстарда Қазақстан құрамасының намысын қорғайтын болады. Сондықтан әрбір спортшы үшін босансуға бол-

біз үшін үлкен өкініш. Бірақ бұл жағдай бізді мойытуы тиіс емес.

Себептеріне келер болсақ, бірнеше факторды атап өтуге болады. Біріншіден, бәсекелестік күшейіп келеді, басқа елдердің боксшылары да өте жоғары деңгейге көтерілді. Екіншіден, төрешілік мәселесі де өз әсерін тигізді. Кей жағдайларда біздің боксшылар лайықты жеңіске жете алмады. Үшіншіден, кей салмақ дәрежелерінде буын алмасу процесі жүріп жатыр, яғни

сын абыроймен қорғап, жүлдегер атанған. Бокстағы жолы үлкен құрметке лайық. Қамшыбек белгілі бір себептермен спорттық мансабын аяқтады, бірақ оның болашақ жоспарлары жайында нақты білмеймін.

Аслан Шымбергенов — қазір демалыста. Жақында өткен Қазақстан чемпионатына қатыса алмады, сондықтан ұлттық құрама сапында жоқ. Дегенмен өзі ішкі жарыстарға қатысуға дайын екенін айтып, қызу дайындық жүргізіп жатыр. Егер өзін жақсы көрсетсе, қайта оралуы мүмкін.

Сәкен Бибосынов — әлемдік деңгейдегі мықты боксшылардың бірі. Азия чемпионатында аяғынан жарақат алып, оған ота жасалды. Ота сәтті өтті, қазір оналтудан өтіп жатыр. Оның спортқа қайта оралуына уақыт керек. Бірақ Сәкендей дарынды боксшылар саусақпен санарлық, ол әлемнің үздік үш боксшысының қатарына кіреді. Сондықтан жарақаттан толық айыққан соң ұлттық құрамаға қайта қосылады деп сенеміз.

Халық кейде спортшыларға сын айтып жатады, бірақ біз олардың қандай жолдан өтетінін білуіміз керек. Бұл жігіттер талай жеңіске жеткен, олар әлі де өздерін дәлелдей алады.

— Елімізде спортшыларымыздың дайындалуына қажетті жаттығу залдары мен базалар жеткілікті ме?

— Қазақстанда спортшыларға арналған жалпы спорт залдары бар, бірақ нақты боксқа арналған заманауи базалар өте аз. Егер көрші Өзбекстанмен салыстыратын болсақ, оларда әр облыста кемінде бір бокс кешені бар. Сонымен қатар бірнеше бокс академиясы жұмыс істейді. Бұл жағдай бізді ойландыруы керек.



«Соңғы жылдары жаңа есімдер көптеп шығып жатыр. Біз жас таланттардың дамуына ерекше көңіл бөліп отырмыз. Олардың біразы қазір Испанияда оқу-жаттығу жиындарын өткізіп жатыр, ал келесі топты Сербияға жіберуді жоспарлап отырмыз.»

майды — олар әрдайым өздерін дәлелдеп отыруға тиіс.

— Олимпиадалық ойындардағы бокстан алтын алу дәстүрін бұзып алған секілдіміз. Соның себеп-салдарын айта аласыз ба? Бізде қалыптасқан бокс мектебі бар еді. Ол неге бұзылды? Алдағы Лос-Анджелестен үміттен аламыз ба?

— Өкінішке қарай, екі Олимпиада қатарынан бокстан алтын медаль ала алмадық. Бұл, әрине,

тәжірибелі боксшылардың орнын жаңа толқын алмастыруда.

Дегенмен қазіргі құрамамыз бұл жағдайдан сабақ алды. Лос-Анджелес Олимпиадасында біз тек бір ғана емес, бірнеше алтын медаль алуға толық мүмкіндігіміз бар. Қазір құрамамыздағы жігіттер тыңғылықты дайындалып жатыр, әр салмақтағы боксшыларымыз өздерін көрсетіп, аянбай тер төгуде.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

22 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

Біз бұл жағынан артта қалып барамыз, бірақ алдағы уақытта жағдайды жақсарту жоспарда бар. Қазақстанда боксқа арналған арнайы спорт кешенін салу қарастырылып жатыр. Бұл орталықта барлық жас аралығындағы боксшылар жаттыға алады, медициналық қызмет көрсету орталығы болады, жататын орын, тамақтану аймағы қарастырылады, заманауи құралдармен жабдықталған залдар ашылады. Егер осындай арнайы базалар іске қосылса, қазақстандық боксшылардың дайындық деңгейі жаңа деңгейге көтеріледі. Бұл тек ұлттық құраманың емес, жас буынның да дамуына зор ықпалын тигізеді.

— **Соңғы әлем чемпионатында еліміз 4 алтынды қоржынға салған еді. Келесі турнирде бұл көрсеткішті жақсарту аламыз ба?**

қазақстандық боксшылар әрқашан мықтылығын дәлелдеп келеді. Біз үздіктер қатарында болуға тырысамыз және жаңа жүйеге тез бейімделіп, жоғары нәтиже көрсетуге барымызды саламыз.

— **Алда қандай маңызды жарыстар күтіп тұр?**

— Ұлттық құраманы алдағы уақытта бірнеше ірі халықаралық турнир, оқу-жаттығу жиыны күтіп тұр. Болгарияның София қаласында біріккен оқу-жаттығу жиыны 10-23 ақпан аралығында өтеді. Таңертең әр команда бөлек дайындалса, ал кешкі уақытта бірлескен жаттығу жиынын өткіземіз.

Дайындыққа Бразилия, Болгария, Ирландия, Италия құрамасының боксшылары қатысып жатыр. Соның ішінде әлем чем-

пионаты бойынша Әлем кубогы Бразилияда ұйымдастырылады. Бұдан бөлек, IBE ұйымының Азия және әлем чемпионаттары жоспарланған. Егер басшылық рұқсат берсе, бұл жарыстарға да қатысуға дайынбыз.

Бұл жарыстар боксшыларымызға үлкен тәжірибе жинауға мүмкіндік береді. Әрбір турнирге тыңғылықты дайындық жүргізіліп, құрама сапындағы спортшылардың физикалық және тактикалық мүмкіндіктері жетілдіріледі. Қазір ұлттық құрама бірнеше оқу-жаттығу жиынынан өтуде. Боксшылар Испания, Болгария, Сербия секілді елдерде шеберліктерін шындап жатыр. Осындай дайындықтың арқасында алдағы жарыстарда жоғары нәтиже көрсетуге, тіпті Олимпиадада алтын медаль иеленуге мүмкіндік бар.

Әлемдік аренада бәсекелестік күшейіп келе жатқандықтан, әрбір спортшы өз орнын дәлелдеуі тиіс. Сондықтан әр жарысқа ұл-

РУХЫ МЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ



Ең бастысы – сенім мен жүйелі дайындық. Бізде әлемдік деңгейдегі тәжірибелі боксшылар бар, олардың Олимпиадада ел үмітін ақтауға дайын екенін білеміз. Сондықтан Лос-Анджелесте Қазақстан боксы алтын дәстүрін қайта жалғастырады деп сенемін.

— Жақында Қазақстан бокс құрамасы World Boxing ұйымының толыққанды мүшесі атанды. Бұл ұйым енді қыркүйек айында жаңа форматтағы халықаралық турнир ұйымдастырады. Бұл жарыстың басты ерекшелігі – салмақ дәрежелерінің өзгеруі. Бұрын біз 13 салмақ дәрежесінде өнер көрсетсек, енді тек 10 салмақта жұдырықтасамыз. Осыған байланысты алдыңғыдай 4 алтын алу қиындауы мүмкін. Дегенмен

пиондары, Олимпиада жүлдегерлері, Еуропа чемпиондары өзара тәжірибе алмасуда. Оқу-жаттығу жиыны өте жоғары деңгейде өтіп жатыр. Жарыс 24 ақпанда басталады, ал финалдық бәсекелер 2 наурызда өтеді.

Қыркүйек айында Англияның Ливерпуль қаласында Әлем чемпионаты, ал қазан айының 1-10-ы аралығында Бахрейнде Азия чемпионаты өтеді. Сонымен қатар жақын арада World

кен жауапкершілікпен қарап, Қазақстан боксының даңқын арттыру үшін барымызды саламыз.

— **Сіздің бапкерлік философияңыз қандай? Жаттығу кезінде қандай басты қағидаларды ұстанасыз?**

— Менің бапкерлік философиям тәртіп пен еңбекке негізделген. Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген сөзін ұстанамын. Боксшыларымның алдымен тәртіпке үйренуі – мен үшін ең маңызды қағидалардың бірі.

Біздің жаттығу таңғы 8-де басталады. Ешбір жаттығу Қазақстанның Әнұранынсыз өткен емес. Бұл – боксшыларымыздың рухын көтеріп, олар кім үшін, қандай мақсатта рингке шығатынын еске салудың бір тәсілі. Жаттығуға 10 секундқа кешіккен спортшы жаза ретінде серіппе жасайды. Ал кешігулер қайталана берсе, ол спортшы оқу-жаттығу жиынынан шеттетіледі.

Тәртіппен қатар еңбектің де орны ерекше. Біз үшін басты қағидалардың бірі – «Қажыма, қаймықпа, тайсалма, қайту жоқ елімің салтында!» деген ұран. Бұл сөздер әрбір шәкіртімің жүрегінде сақталып, олардың рингте де, өмірде де табандылық танытуына көмектеседі.

Біздің мақсат – тек чемпиондарды тәрбиелеу емес, ел намысын қорғай алатын қайсар, рухы мықты спортшыларды қалыптастыру. Сол үшін әрбір боксшымыз бар күш-жігерін салып, алдағы биік белестерді бағындыруға дайындалып жатыр.

— **Әңгіменізге рақмет!**

Сұхбаттасқан
Әсет ҚАЛИ

«АҚЫЛДЫ ҮЙ» АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Қылышын сүйретіп қыс келген бойда тұрғын үйлер мен сауда орталықтарындағы өрт апаттары туралы ақпаратты жиі құлағымыз шалады. Қызыл жалынның өршуіне көбіне газ бен электр жабдықтары, жылыту құралдары себеп болады. Бүгінде бұл мәселені шешуге негізделген қауіпсіздік іс-шаралары мен жобалар бар. Солардың бірі – алматылық студенттер Arduino технологиясымен әзірлеген «Ақылды үй» инновациялық жобасы. Аталған жоба тұрғын үй жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.



А **Алтынай**
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Жоба авторларының бірі Алматы құрылыс-техникалық колледжінің 2-курс студенті Ғаббас Баязитов қазір «Жиһаз өндірісі» мамандығы бойынша білім алады. Ғаббастың сөзінше, автоматтандыру жүйесінде шамның жанып-сөнуін реттейтін интеллектуалды жарық сенсорлары қарастырылған. Сондай-ақ мұнда газ және түтін, температураны өлшейтін және ылғалдық сенсорлары, PIR-датчиктері бар. Газ және түтін сенсорлары ықтимал төтенше жағдайларды алдын алуға көмектесе, температураны өлшейтін және ылғалдық сенсорлары жайлы микроклиматты қамтамасыз етуге, желдету мен жылыту жүйесінің жұмысын автоматты түрде реттеуге ықпал етеді.

— Инновациялық жобаны жасау идеясы тұрмыстағы қауіпсіздік пен жайлылықты арттыру қажеттілігінен туындады. Жобамыздың басты мақсаты – тұрғын үйдегі процестерді автоматтандыру және ресурстарды үнемдеу. Онымен қоса, жоба қауіпсіздік, энергияны үнемдеу, қашықтан басқару және апаттық жағдайларды бақылау сынды өзекті міндеттерді шешуге арналған. Біз процесс барысында қозғалыс, ылғалдылық, реле, контроллер, жарық және температура датчиктерін қолдандық. Жүйе жарықты басқарады, микроклиматты бақылайды, хабарламалар жібереді, құрылғыларды қашықтан басқаруға мүмкіндік береді және бейнемониторинг жүргізеді, – деді Ғаббас Фархадұлы.

Жоба авторлары «Ақылды үйді» әзірлеу барысында бағ-

дарламау тілінің Морзе әліппесін пайдаланған. «Ақылды үйдің» барлық функциясын Wi-Fi мен Bluetooth арқылы смартфоннан қашықтан басқаруға мүмкіндік бар. Дәлірек айтсақ, тұрғын үйге қауіп төнген жағдайда жүйе хабарлама жіберсе, зуммерлер мен LCD-дисплейлер қауіп туралы ескертеді. «Ақылды үйді» басқаруға арналған қосымшаны Play Market немесе App Store қосымшасынан жүктеп алуға болады. Ғаббас алдағы уақытта жобаға жасанды интеллект технологияларын енгізу жоспарда бар екенін айтты. Тағы бір атап өтетін маңызды жайт, егер келешекте инвесторлардан қолдау болса, авторлар инновациялық жобаны әрі қарай дамытып, нарыққа шығаруға дайын екенін жеткізді.

— Иә, жүйе интернетке қосылады және мобильді қосымша мен дауыстық көмекшілер арқылы басқаруға болады. Құрамдас бөліктерді интеграциялау және кодты оңтайландыру кезінде қиындықтар кездесті. Біз алдағы уақытта пайдаланушылардың әдеттеріне бейімделу үшін жасанды интеллект енгізуді, ақылды қалалармен интеграцияны және автономды режимді пайдалануды жоспарлап отырмыз. Инвесторлардың қолдауымен жобаны жүзеге асыруға және оның мүмкіндіктерін алуымыз кенейтуге дайынбыз, – деді жоба авторы Ғ. Баязитов.

Жоба тұрғын үйлердегі қауіпсіздік мәселесін шешуге, жайлы орта құруға жол ашады. Одан өзге, инновациялық жоба өзекті тақырыптарды шешуге ықпал етіп қана қоймай, студенттердің заманауи технологиялармен жұмыс істеуге қызығушылығын арттырып, IT саласында тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

ТЫЛСЫМ

22 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

Кеңес кезеңінің дүрілдеп тұрған шағында Сыр өңірінде көптеген жасырын әскери нысандар жұмыс істеді. Әсіресе, Арал өңірі мен Байқоңыр ғарыш айлағы аумағында аса құпия мақсаттағы жабық әскери қалашықтар аз болмады.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Ол уақытта әскери қалашықтардың нақты қандай тапсырмамен айналысқаны жұртшылыққа беймәлім болды. Өйткені құпия нысандардың сырты темір қоршаумен қоршалып, ұдайы күзетпен бақылауға алынды. Бөгде адамға кіруге қатаң тыйым салынды.


Бір ғана Арал аумағында бірнеше әскери базалар көпке беймәлім тапсырмаларды жүзеге асыруда белсенді жұмыс істеді. Соның салдарынан, теңізді аймақтың мамыражай табиғатын ластады. Экологиялық зардабын арттырды.

Сол уақытта теңіз арнасынан асып, шалқыған бұл аймақта 100-дің үстінде аралдар тобы орналасыпты. Соның ішінде теңіз айналасының өзінде 300-ден аса аралдар болған екен. Мұның арасында Көкарал, Возрождение, Барсакелмес сынды орындар ең ірі аралдар тобына жатқызылған. Міне, сол уақытта бұл жерлер әскери қалашықтарды орналастырып, аса құпия тапсырмаларды орындауға таптырмас орын болып саналған. Тіпті, күні кешеге дейін бұл аралдар картаға да түсірілмей, сырт көзден құпия сақталып келді.

Бертін келе, тұрғылықты халыққа алдымен теңіз ортасында орналасқан «Возрождение» әскери базасының ақиқаты ақталды. Бұл жасырын мекенде 1980 жылдардың соңына дейін бірнеше құпия кодты атаумен биологиялық қарудың жасырын сынағы жүргізілген екен. Оны «Арал-7», «Бархан» және «Пниль-52» әскери нысандары жүзеге асырғаны жайында қауесет желдей есті.

Негізі, Арал аумағындағы бұл әскери нысанның қуатты полигонға айналуы 1936 жылдан бастау алады. Нақтысы, сол жылы Арал өңірі Сталиннің бұйрығымен Қызыл Армияның ғылыми-медициналық институтына пайдалануға беріледі. Сол кезден бастап профессор Иван Великанов бастаған ғылыми құрам Аралға келіп, құпия әскери қалашықтар бой түзе-

ҚҰМ

ҚОЙНАУЫНДАҒЫ
ҚҰПИЯ

ді. Теңіз айналасы арнайы кемелермен, ұшақтармен қамтамасыз етілді. Ғылыми топ алдымен микроорганизмдердің таралуын бақылайтын тәжірибелер жүргізеді. Кейіннен 1952 жылдан бастап бұл орын «Арал-7» атауымен бактериологиялық қару сынағын полигон ретінде қайта құрылады. Осы кезден бастап, казак даласы, Сыр аспаны сынақ алаңына айналып шыға келді. Алайда бұл полигонның адам ағзасына, қоршаған ортаға қауіпті екені көпшілікке жария болмады.

Дерекке сәйкес, сол жылдары Арал аумағында 4 жабық әскери қалашық белсенді жұмыс жүргізген. Атап айтқанда, Аралдың оңтүстігінде «Бархан» биохимиялық полигонымен байланысты «Арал-5», солтүстік-батысында зымыран әскерімен қамтылған «Арал-6» (Чайка), сондай-ақ Возрождение аралындағы «Қантүбек» деп аталатын «Арал-7» және авиациялық эскадрильямен жұмыс жасаған «Арал-8» (Березка) әскери қалашықтары құпия тапсырмаларды орындаумен айналысқан. Сол кезеңде Арал өңірінің әскери қалашыққа айналуымен жергілікті жұртшылық тылсым құбылыстарға жиі куә бола бастайды. Тіпті, өз жерінде емін-еркін жүру қиындап, әскерилердің қысымына ұшырады.



«Сол кезеңдегі көріністің бәрі бүгінде аңыз-әпсана болып көрінеді. Арал өңіріндегі Сексеуіл кентінде тұрған жездемнің осындай құпия нысандарға қатысты бір оқиғасын құлағым шалғаны бар. Ол уақытта теңіз ұлтанынан ауыл халқы мал азығы және отындық мақсатында шөп шауып тұрады. Бірде жездем бірнеше ауылдасымен бірге мотоциклмен тау қол-

қалашықтың арнайы тыйым салынған аумағына өтіп кеткендерді қамап тастайтын еді. Бала кезімізде талай мәрте ұшақтар ұшып келіп, сол маңдағы таудың арасына сіңіп, жоғалып кететініне куә болдық. Нақты айтқанда, шыңның астына кіріп кетеді. Бірақ оның сыры бізге сол күйі беймәлім болып қалды», — дейді өңірдің тағы бір тумасы Аязби Умаров.



тығына, яғни бөгде адамға кіруге тыйым салынған аумаққа өтіп кетіпті. Сол мезетте іздерінен арнайы көлікпен әскери қызметкерлер келіп, көздерін байлап, беймәлім орынға алып кетеді. Сол жерде бұларды ұзақ тергеп, осы жердің тұрғылықты халқы екенін анықтағаннан кейін ауылдарына әкеліпті тастаған екен. Ел ішінде осы секілді көптеген таңсық жәйттердің куәсі болған жандар аз емес. Алайда өңірде 40 жылдан астам жасырын жұмыс жүргізген әскери қалашықтардың бізге беймәлім құпиялары әлі күнге дейін ақталмай келеді», — дейді өңір тұрғыны Айжарық Ерәлиев.

Жалпы, өңірдегі елді мекендер халқы сол кезеңде осы сияқты оқиғаларға жиі ұшырасып отырған. Сол кездері әскерилермен бетпе-бет ұшырасып, ұзақ уақыт тергеуге алынғанын айтып жүрген жандардың қарасы қалын. Әсіресе, белгісіз бағыттан ұшып келетін ұшақтардың сол маңдағы таудың арасына кіріп, көзден ғайып болатыны жайында жиі айтылады.

«Ол уақытта біздің ел жақта «Мергенсай» деп аталатын ауыл болатын. Сол маңды әскерилер меншіктегеннен кейін халықты жаппай «Жаланащ» дейтін ауылға көшірді. Мергенсайға жабық әскери қалашық тұрғызылды. Сол



Ел ішінде «Көктау» деп аталған бұл таудың құпиясын анық білетін тұрғындар болмаса да, түрлі жорамалдар айтылып жүрді. Бірі тау етегінде құпия нысан орналасқанын тілге тиек етсе, екіншісі тау ішінен ангар салынған болуы мүмкін деп топшылайды. Бір белгілісі, сол аймақта жоғарыда айтып өткеніміздей, авиациялық эскадрильямен байланысты «Арал-8», яғни «Березка» әскери қалашығы болғаны дәлелденіп отыр.

Ел ішінде «Көктау» деп аталған бұл таудың құпиясын анық білетін тұрғындар болмаса да, түрлі жорамалдар айтылып жүрді. Бірі тау етегінде құпия нысан орналасқанын тілге тиек етсе, екіншісі тау ішінен ангар салынған болуы мүмкін деп топшылайды. Бір белгілісі,

сол аймақта жоғарыда айтып өткеніміздей, авиациялық эскадрильямен байланысты «Арал-8», яғни «Березка» әскери қалашығы болғаны дәлелденіп отыр.

Осы мақаланы дайындау барысында сол уақытта аталмыш Мергенсай маңындағы әскери базада азаматтық борышын өтеп, талай құпияның сырына қанық болған өңірдің байырғы тұрғыны, бүгінде Ақтөбе облысында тұратын Болатбек есімді азаматты тауып, тілдесудің сәті түсті. Оның айтуынша, әскери қызметте жүрген кезінде Капустин яр полигонынан ұшырылған баллистикалық зымырандардың талай мәрте атып түсірілгенін көзбен көрген екен. Сол сияқты түрлі құпия тапсырмалардың орындалу сәтінің куәсі болыпты.

«Арал өңірінің тумасымын. Сол заманда өңірдегі «Березка» аталатын нысанда әскери міндетімді өтедім. Сол арада ғарыш саласы бойынша техник болып, азаматтық борышымды атқардым. Бала кезімізден ұшақтардың тау ішіне кіріп кететіні жайында алып-қашпа әңгіме жиі айтылып жүрді. Бірақ бұл шындыққа жанаспайды. Алайда Астрахань облысындағы Капустин яр полигонынан ұшып шыққан баллистикалық зымырандарды Арал теңізі үстінен атып түсірген сәттеріне талай куә болдық. Өзіміз сол уақытта пилотсыз ұшақтарды ұшырып тұрдық. Сол маңда бір кездері ангар болғаны рас. Бірақ «тау ашылып, жабылады, ішінде ангар бар» деген сөздер — бос дақпырт. Өзімнің көзбен көрген ақиқатым — осы», — деп түсіндірді Болатбек Көзібаев.

Жалпы қолда бар дерекке сәйкес, сол кезеңде Арал маңында белсенді жұмыс жүргізген «Чайка» әскери қалашығы стратегиялық зымыран күштеріне тиесілі болды. Негізгі әскери міндеттер осы Чайка әскери нысанында атқарылған екен. Ал аэродром қызметкерлері, әскерилер «Арал-8», яғни «Березка» әскери қалашығында қоныстаныпты. Біз тілге тиек етіп отырған Мергенсай елді мекені аумағында орналасқан бұл әскери қалашықтың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зардабы орасан болған. Құпия нысан 40 жылдай жасырын түрде жұмыс жүргізілді. Полигонда ең алғашқы жарылыс 1956 жылы тіркелген екен. Содан бермен өңірде ұзын саны 8 жарылыс орын алғаны туралы ақпарат айтылады. Бұл бізге белгілі болғаны ғана. Ал әлі күнге дейін сыры ашылмай, құпия құжаттарда қатталып жатқан деректер қаншама?!

Жергілікті жұртшылық адамзат тағдырына аса қауіпті «Возрождение» аралымен қоса, бір кездері Еділ бойындағы Капустин ярдан ұшып жеткен баллистикалық зымырандардың жарылысынан туындаған зардапты әлі де сезінетінін айтады. Тұмса табиғаты мен теңізінен айырылған Арал өңірі халқы түрлі індеттердің асқынуы сол кездері жүргізілген жасырын сынақтардың әсерінен деп түсінеді.

Жалпы, Кеңес заманында теңіз маңын мекендеген әскери қалашықтардың бізге беймәлім талай құпиясы әлі де ақтарыла жатар. Бірақ жергілікті жұртшылық жасырын сынақтардың зардабын қай кезге дейін тартатыны бір Аллаға ғана аян.

ӨНЕРГЕ НЕГЕ ӨГЕЙЛІК ЖАСАЛЫП ОТЫР?

БҚО-да жалғыз қазақ драма театры екі жылдан бері жабық тұр. Күрделі жөндеу жүргізіледі деп жабылған театр есігі сол күйі ашылмағалы бақандай екі жыл өтті. Ал театр өртістері болса, әр есікті сағалап күн көріп жүр. Қойылымға дайындық біресе партия залында, біресе облыстық орыс драма театрында өтеді. «Кісідегінің кілті аспанда» деген, өзге театрдың сахнасының уақыты да шектеулі. Бұл ұжымның шығармашылық әлеуетіне кері әсерін тигізіп отыр.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Есігі жабық тұрғанына екі жыл болса да, облыстық қазақ драма театрының шымылдығы жабылмады. Театр өртістері әдеттегідей маусымашар қойылымдарын қойып, жаңа образдар дайындап халыққа өнерлерін көрсетіп келеді. Иә, жуырда ғана «Дина» қойылымы көрерменге жол тартты. Белгілі күйші, аңыз адам Дина Нұрпейісованың өмірі мен өнеріне арналған қойылымды халық өте жылы қабылдады. Театр ұжымы әр жерде жиылып, дайындық өткізіп жүрсе де жоғары шеберліктерін көрсетті. Қазақ драма театрының барлық қойылымы орыс драма театрының сахнасында сахналанып жатыр.

Қазіргі қазақ драма театрының ғимараты 2000 жылы қолданысқа берілген. Содан бері қарай күрделі жөндеу көрмеген.

— Театрдың жөндеуге жабылғанына екі жыл болды. Жөндеу жұмыстарының ұзаққа созылып кетуіне мердігер мен арадағы сот процестері себеп болды. Мәдениет басқармасы жариялаған конкурсқа қатысқан мердігер компанияның лицензиясы болмай шықты. Оны сот шешіміне орай тоқтатып тастадық. Олар төбесін жасап кетті, 80 пайызға жылу жүйесін жаңартты. Енді қазір қайтадан конкурс жариялап қойдық. Мердігер компания әлі анықталған жоқ. Бұрынғы сметалық құжат 2020-2021 жылға жа-

салған. Оның мерзімі өтіп кетуіне байланысты ғылыми жобалық құжаттарды қайтадан жасадық. Біздің театр тарихи мұралар тізіміне кіреді. Сондықтан да ғылыми реставрациялық жоба жасалды. Біз мердігерге алты айда бітіру қажет деген талап қойып отырмыз, — деп атап өтті Х.Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрының директоры Нұржан Тасболатов.

БҚО-дағы жалғыз қазақ драма театрының жөндеуіне суға толып, төбесінен су тамшылып тұратын еді. Осы олқылықты реттейміз деген тәуір ниетпен басталған күрделі жөндеу жыры көпке созылып кетеді деп театр ұжымы өздері де күтпесе керек-ті. Қазір театр өртістері облыстық филармония ғимаратында филармония өртістерімен жағаласып жүр. Себебі өздерінің ғимараты жабық.

Драма театрда 150 адам жұмыс істейді. Оның ішінде 50 адам актерлік құрамда.

— Актер жинақы жүруі керек. Ол үнемі ізденісте жүретін адам. Сол үшін театрда күнде билен, воколдан, сахна қимылынан сабақтар өтеді. Бұрын күнде өтетін еді. Қазір оған мүмкіндік жоқ, себебі өз сахнамыз жоқ. Уақыты-



мыздың ұрланып жатқанына қынжыламын. Жұмыс істеймін деп келгесін, өз театрымыздың болғанын қалаймыз ғой, — дейді Х.Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрының бас режиссері Алмат Шарипов.

Уақытша көшіп-қонып жүргендіктен, қазір өртістерде жуынатын жер, грим, костюм бөлмесі дегендер ағымен жоқ. Былайша айтқанда, «шығармашылыққа жағдай жасалмай отыр» деп қынжылады театр өртістері. Олар тіпті «қолда бар дүниемізден айырылып жатырмыз» деп налиды. Себебі көшіп-қонып жүргенде кейбір құнды дүниелер сынып, қирап жатқаны да жасырын емес.

— Мұның бәрі шығармашылыққа кері әсерін тигізіп жатыр. Біз ертең қай жерде дайындық

өткізетінімізді білмейміз. «Қай жердің залы бос» дейді, соған барамыз. Киім, грим бөлмесі дегенді ұмыттық. Дәлізде киініп, дәлізде боянып сахнаға шығып жүрміз. 30 жылдан бері жиналған миллиардтың костюмдері қазір шашылып жатыр әр жерде, — дейді актриса Нұргүл Жұбатова.

Республика бойынша 80-нен астам театр бар. Оның ішінде 57-і — облыстық театр. Ал облыстық театрлар тікелей облыс әкіміне қарайды. Облыстық әкімдік қаржыландырады. Театрға жөндеу қашан басталып, қалай аяқталары әлі белгісіз. Себебі әлі конкурс жарияланбаған.

Осыған қарамастан театрдың ұжымы күнде қойылым қойып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп жүр.



Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы Шабанбай би ауылы елдегі ең үздік бес туристік ауылдың қатарына енді. Бұл бестікті Kazakh Tourism компаниясы анықтады. Бұл ауылға неге көз түсті? Анықтап көрелік.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Тұмса табиғатымен туристерді тамсандырған Шабанбай би ауылының бұл атаққа әбден лайық екені сөзсіз. Бұл ауыл Қызылорда тауларының баурайында жатыр. Ауыл халықаралық деңгейде танылып, Green Destination жобасы аясында әлемдегі ең үздік туристік бағыттардың бірі ретінде бағаланған. Басты табиғи көрікті

ШАБАНБАЙ БИ – ҮЗДІК ТУРИСТІК АУЫЛ

жері — Қызылорда оазисі. Ауылға жақын жерде Орталық Қазақстанның ең биік нүктесі Аксоран шыңы көк тіреп тұр. Шыңның биіктігі — 1 565 метр. Ауылдың бір шетінен орманды алқап басталса, екінші жағында кең жазиралы дала керіліп жатыр. Сонымен қатар орман мен далада өсімдіктер мен жануарлардың алуан түрі бар.

Ауыл маңында тарихи орындар да жеткілікті. Өткен ғасырда ауылға жақын жерден қола дәуіріне жататын Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ескерткіштері мен тұрағы анықталған. Сондай-ақ жақын маңдағы таулардан ғалымдар тас дәуіріне жататын жазбаларды және балбал тастарды, яғни адамның бет әлпеті қашалған ежелгі тас бағаналарды тапқан. Ауылдың іргесімен Тоқырауын өзені ағады. Кезінде Жібек жолының бір тармағы осы өңірмен өткені белгілі. Сонда керуендер осы өзен бойына аялдап, күш жинаған.

Ауылда 2008 жылдан бастап экологиялық туризм қолға алынды. Алғашқылардың бірі болып «Авалон» туристік клубының президенті Виталий Шуптар бастаған туристер осы жерге келіп, экотуризмнің негізін қалады. Серіктерімен бірге велосипедпен келген ол ауылдың ерекше таби-



ғатына тәнті болып, оның атағының тарауына ықпал етті.

2009 жылдан бастап ауыл халқы қонақтарды қабылдау бойынша жұмыстарды бастап кетті. Арнайы үйлер тұрғызып, қонақжай мәртебесіне ие болды. Ал 2014 жылы ауылда алғашқы «Сұлтас» қонақүйі салынды. Қазір бұл қонақүйге айына 30-ға дейін турист тоқтайды. Жергілікті тұрғындарды туризмге баулу мақсатында жиі-жиі оқыту шаралары ұйымдастырылып тұрады. Мәселен, Еуроодақтың қолдауымен ауыл азаматтары оқудан өтті. Сондай-ақ қоғамдық ұйымдар-

дың Қызылорда қамалының аумағы абаттандырылды. Бұдан бөлек, туристерге арналған карта мен жол көрсеткіш шығарылып, бағыттар әзірленді.

Осылайша, Шабанбай би ауылы жыл сайын БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымы өткізетін UN Tourism Best Tourism Village халықаралық байқауына қатысады. Яғни, ауыл жыл сайын өтетін байқауда Қазақстан намысын қорғайды.

Жалпы, Қарағанды облысында көрікті мекендер жеткілікті. Бұлардың қатарында Қарқаралы өңірін, Балқаш көлін ерекше атап

өтуге болады. Ұлттық статистика агенттігінің мәліметіне сүйенсек, кейінгі бес жылда туристер саны бірнеше есе артқан. Егер 2020 жылы бұл аймақта 39 554 адам демалса, 2024 жылы 100 мыңнан астам адам тіркелген. Бұл жерде азаматтарымыз ешкімнің көмегіне жүгінбей, өз еркімен демалатынын ескере кеткен жөн.

Қазір осы мекендерді туристерге таныту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Мәселен, сол жобалардың бірі — туристерге мәлімет беретін ақпараттық орталық. VISIT QARAGANDA орталығы кәсіпкерлік басқармасы жанынан құрылды. Мұнда өңірдің табиғи, мәдени және тарихи көрікті жерлері, сондай-ақ жергілікті операторлар ұсынатын туристік бағыттар мен қызметтер туралы мәліметтер алуға болады. Демалушыларға қайда тұру, не көру, қайда бару керекі туралы айтып береді.

Орталықта облыстағы саяхатқа таптырмас жерлерді көрсету, жаңа бағыттарды таныстыру үшін туристік орындардың жол көрсеткіші, карта-сызбаларын әзірлеу жоспарланған. Мекеме жұмысы туристер үшін ғана емес, жергілікті тұрғындар үшін де қызықты болатыны сөзсіз. Туризм саласында жұмыс істейтіндерге таптырмас көмекшіге айналмақ. Себебі туристік ақпараттық орталық туристерге қолайлы жағдайлар жасауға, сервисті жақсартуға, кешенді туристік өнімдерді, жаңа туристік аумақтарды дамыту бағдарламалары мен тұжырымдамаларын жасауға жәрдемдеседі.

КӨКЕЙКЕСТІ

22 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

Елімізде қарасора өсімдігін өндірістік деңгейде өңдеу қолға алынғалы жатыр. Бұл сала лицензиялауға жататындықтан, бірнеше инвесторға рұқсатнама берілген. Шындығында есірткі ретінде ғана қарап, басымызды ала қашатын қарасора шөбінен көп нәрсе шығаруға болады. Мәселен тоқыма, тамақ өнеркәсібінде, медицинада, ауыл шаруашылығында пайдаланылатын көптеген бұйым жасалады. Ең бастысы мемлекет тарапынан мұқият бақылау мен реттеу болса болғаны. Өйткені өнеркәсіптік мақсаттағы және есірткі ретіндегі қарасораның арасы бір-ақ қадам.

А Нұрлан ҚОСАЙ

ӨНІМІ МОЛ, САПАСЫ ЗОР

Шу алқабындағы 138 мың гектар жерде өсіп жатқан жабайы қарасора есірткі көзі ретінде көп қолайсыздық тудырып отыр. Енді оны кәдеге асыру туралы тағы да сөз қозғалуда. Мұндай әңгіме Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында айтылды. Премьер-Министр Олжас Бектенов бірнеше инвесторға өндірістік қарасора өсіруге рұқсат берілгенін айтты. «Бірнеше компанияға жасанды жағдайда қарасора өсіруге лицензия берілді. Аталған өнімнен май, мал азығын, тыңайтқыштар және талшық алуға болады», — деді ол. Шындығында бұл өсімдіктен 50 мыңға жуық түрлі өнім алуға болды. Оның ішінде талшық, қағаз, жіп, тыңайтқыш, сұйық май, малға жем, медициналық препараттар, құрылыс материалдары, тіпті тағам ретінде пайдалануға жарайтын заттар бар. Айталық, Ресей мен Финляндия қағазды ағаштан жасайды, біз жылына 30 миллиард теңге құртып, солардан тасимыз. Ал Қытай мен Тайланд қағазды бамбуктен жасайды. Ендеше бізге неге қарасорадан жасамасқа? Сол сияқты одан алынатын кендір майды емдік мақсатта қолдануға болады. Құрамында омега, антиокси-

Сора сор ғана емес...



дант, фитостерол, түрлі қышқыл мен минерал мол. Ол иммунитетке өте пайдалы. Тамақ өнеркәсібінде де кең қолдануға болады. Халықаралық деңгейде тыйым салынған өткен ғасырдың 60-шы жылдарына дейін қарасора әдеттегідей тамаққа пайдаланылған, майы бүгінгі күнбағыс майы сияқты қолданыста болса, дәнегі де кәдімгі шемшіктің орнына жүрген. Химия өнеркәсібінде ол құрылыс әрлеу жұмыстарында олифа, лак, сыр дайындауда пайдаланылады. Одан жасалған косметикалық бояулар да көп уақытқа дейін түсін жоғалтпайды. Ресей қарасораны медициналық мақсатта қолдану үшін үш бірдей

зауыт салып тастаған. Бұл өсімдіктің талшығынан жіп иіріліп, мата, кілем тоқылады, арқандар өріледі. Оның төзімділігі мата немесе синтетикалық текстильден анағұрлым

олар да тоқырады. Ал 2004 жылы Қазақстан-Германия біріккен кәсіпорны құрылып, Шу алқабындағы қарасорадан мата, автомобиль өндірісіне қажетті материалдар шығаруды жоспарлаған. Алайда ауқымды бастама аяқсыз қалды. Сол сияқты 2015 жылдары қағаз шығаратын Kagaz Shahary SEZ ЖШС Түркістан облысында осындай бастаманы қолға алған еді. Бұған дейін шикізатқа қажет сүректі Ресей мен Финляндиядан тасып келген олар, өзін-өзі ақтауы қиын өндірісті жолға қою үшін түрлі нұсқаларды зерделеп қараған. Кәдімгі мақтаның қозапаясын, Сырдарияның жағасындағы нар қамысты да пайдаланып көрген. Бірақ бәрін екшеп ойласа келе, техникалық қарасораға тоқтаған екен.

«Біз қағаз өндірісіне қозапая, қамыстан бөлек бидай сабанын да пайдаланып көрдік. Олар біз күткендегідей нәтиже бермегеннен кейін қарасораны көрдік. Оның құрамында 72 пайыз жабысқыш, иілгіш целлюлоза бар. Ал ол мақтада 48 пайыз, ағашта 24 пайыз ғана. Техникалық қарасораның тұқымын Украинадан әкелдік. Егер ол жерсініп кетсе, егіс көлемі ұлғайтылады», — деген болатын сол кездегі Kagaz Shahary SEZ серіктестігі директорының орынбасары Бауыржан Манатов. Бірақ түркістандықтар да бұл жұмысты жолға қоя алмағанға ұқсайды. Өйткені интернеттен де, басқа да ашық ақпарат көздерінен де олар туралы мәліметтер таба алмады. Сайттардағы телефондары желіге қосылмаған. Ал салық есебі 2017 жылмен тоқтаған екен. Бойында есірткісі жоқ техникалық қарасораны өндірістік мақсатта нақты өсіруді қолға алған жалғыз компания туралы одан кейін сыбыс жоқ.

Қарасораны кәдеге жарату туралы тағы бір бастама одан кейін 2020 жылы Жамбыл облысында көтеріледі. Ол жолы медициналық мақсатта қарасора өңдеу үшін зауыт салу қарастырылған екен. Тіпті, инвестор да табылған. Zhana Zhol Holding limited ЖШС бұл өсімдікті өсіру және өңдеу бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолға алып, заманауи технологияларды енгізуді жоспарлап жатқанын мәлім етіп те үлгерген болатын. Олар пилоттық жобаны 4 кезеңде жүзеге асыруды ұсынды. Оның аясында зерттеу жұмыстары жүргізіліп, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу қажеттілігі туды. Одан да өзге атқарылар шаруалар шаш етекпен. Содан бергі уақытта қарасораны өндірістік

өңдеу туралы биыл сөз болып отыр. Үкіметтің кеңейтілген отырысында Олжас Бектеновтің екі ауыз сөзін ғана естідік.

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЛАСТЕРГЕ ЛАЙЫҚ

Расында да, елімізде қарасора өндірісі қолға алынса ұтарымыз анық. Ол экономикалық та, экологиялық та, мәдени жағынан да пайдалы. Тіпті, өңдеу жұмыстарын түбегейлі жолға қойған жағдайда технологиялық тізбекті кластерлік жүйеге дейін жеткізуге болады. Ол дегеніміз — алқапта тұқымы егілгеннен бастап, өндірісте өңделіп, үстіне киім, қолына арқан, үстеліне қағаз, астына кілем, аузына ас, тәніне май, саулығына дәрумен болып кәдеге асқанға дейінгі процесстердің барлығы біздің елімізде, яки экономикалық тізбекте жүреді деген сөз.

«Бір-ақ мысал. Қазір біз кенсе қағазының импорты үшін 100 млн АҚШ доллары жобасында жыл сайын шығынға батып отырмыз. Ал сол ақшаны осы бағытты дамытуға жұмсақ, елімізде «қағаз кластерін» орнықтыруға болады. Өйткені қарасорадан қағаздың ақша банкнотынан бастап кенсе қағазына дейінгі кең спектрін жасауға болатын кілегей мол целлюлоза алынады. Осылайша, біз біріншіден импортталмастыруды жолға қойып, екіншіден қосымша жұмыс орындарын ашып, үшіншіден бюджетке кіріс әкеле аламыз. Ал қарасорадан одан да басқа өнімдер шығатынын ескерсек, оның кластерлік мүмкіндіктері өте зор», — дейді экономист Асылбек Үсенұлы.

Оның айтуынша, қазір елімізде кілем өндірісінде шикізатты Түркиядан, Ресейден, Қытайдан және тағы да басқа елдерден алдырып отыр. Ал осынау жеңіл өнеркәсіпті кендір жіппен өзіміз қамтитын болсақ, отандық өнімнің сапасы да, бағасы да артатын болады. Сол сияқты былтыр еліміз 30 мың тоннадан астам дәрімектерді 1,5 млрд АҚШ долларына сатып алған. Бұл — ішкі тұтыну көлемінің 98,3%-ы. Ендеше бұл көрсеткішті еңсеруде де қарасора өсімдігінің елеулі үлесі болмақ, айта берсек, одан да өзге жақсы жақтары аз емес.

«Бұл бірінші кезекте елімізде қарасораға деген көзқарасты өзгертеді. Өйткені біздің азаматтар оны тек нашакорлар пайдаланатын зиянды шөп деп санайды. Бұл олай емес, қарасораның бойында есірткісі аз немесе мүлдем жоқ түрлері де бар. Егер үстіне сапасы өте мықты, сора шөбінен жасалған кендір жіппен тігілген көйлек киіп жүрсен, оның игілікті жағы да бар екенін білесің. Оған деген көзқарасың өзгереді. Бұл мәдени жағынан пайдалы. Сол себепті бізге бұл өндірісті жолға қойған дұрыс», — дейді нарколог Токтар Төлеуханұлы.

Тоқ етеріне келгенде, елімізде бұл мәселенің шындығын қолға алына бастағаны көңіл қуантады. Бұған дейін пилоттық жоба денгейінен аса алмаған бастамалар заңнамалық өзгерістерге, құрылымдық жаңартуларға тіреліп тұрған еді. Үкімет денгейінде сөз болуы бұл мәселелердің шешімін тапқанын білдіреді. Ендеше зауыттардың жалауы жана-ша желбірейтін күндер де аңыз емес болар. Солардың ішінде қағаз зауыттары көп басымдыққа ие болмақ. Себебі соңғы 10 жылда әлемде кең қолданысқа енген бұл тәжірибені Италия, Швейцария, Франция сынды елдер өздерінің орман қорын сақтап қалу үшін пайдаланады екен. Бұл — бізге үлгі боларлық іс. Бастаманың экологиялық артықшылығы да осында.

«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Әубәкіров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

АРА



№159

22.02.2025 ж.

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы

Күрделі мәселені ашық сынап-мінейтін, өткір көрсететін қазақ сатирасының бүгінгі ахуалы бұрынғыдан өзгереді екені туралы айтылып жүр. Бұл жанр бұрын қоғам өмірінің қалтарыс-бұлттарысын сынауға, мінездегі кемшілікті айқын көрсетуге қауқарлы еді. Ал бүгін ше? Қоғамдағы көз шала бермейтін кей ойыс бетін жазатын сатириктердің жаңа буыны қалыптасты ма? Осындай сауалдарымызға сатирик Үміт Зұлхарова сұхбат барысында жауап берді.

КҮЛКІДЕГІ КӨШІМІЗ ТҮЗЕЛСЕ...

— Қазір сатира сөзінің қуаты кемігені туралы біршама айтылды, әлі де айтылып жүр. Бұл қаншалықты рас? Бұрын сатираның салмағы ауыр еді, бүгін ше?

— Сатираның қуаты кемігені рас. Сынды шыбын шаққан құрлы көрмейтін қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Сатираның қоғамдағы көзге шыққан сүйелдей кемшіліктермен күресуде атқаратын рөлі зор. Бұрын сатираның сынынан нәтиже шығатын. Сатираның сын садағына іліккен қандай да бір мекемеге немесе адамға белгілі бір ұйым тарапынан шара қолданылатын. «Сынға ілікпейік, іліксек құрмыз» деп қорқатын. Қазір сондай «жазалаушы» ұйым жоқ. Мысалы, бір мекеменің заңсыздығын, бір жемқордың миллиондаған қаржыны жымқырғанын жаздык делік. Сатира өз жұмысын атқарды: әшкереледі, сынады. Қалың елге жария етті. Енді оны тексеріп, шындығында солай ма, егер рас болса, істеген ісі үшін жазасын алу керек емес пе? Бұрын солай еді. Сатира — жемқорлықпен, заңсыздықпен күресетін қару болатын. Сыналған нысанға шара қолданылатын. Қазір ол жүйе жоқ. Сатира тілінде жазылған сынды зерттеп, анықтап, ешқандай орган шара қолданбайды.

— «Сатираның басқа жанрлардан айырмашылығы — оның күлкілі болуында» дегенге келіссіз бе? Біз білмейтін тағы қандай ерекшеліктері бар? Сатира қай кезде керек?

— Сатира тек күлдіретін жанр емес, ол негізінен қоғамдағы әділетсіздікті, заңсыздықты сынады. Күлкінің астарында сын жатады. Қай жағдайда адам риясыз күледі? Әзіл болса да астарынан шындық бар екенін түсінгенде. Өтірік әзілге ешкім күлмейді. Сатира мына кезде керек, мына кезде керек емес деген

әңгіме жоқ. Сатира қашанда керек. Қоғамдағы келенсіздіктер сыналуы, кемшіліктер айтылуы тиіс. Ол үшін сатираның өлмеуі өте маңызды. Сондықтан бұл жанрдың өлмеуіне жағдай жасалса деймін.

— Сатирамен әзіл-сықақ театрлары, комедия жанрындағы түрлі туынды, тіпті жастардың қазіргі жаңа жобалары қатар айтылады. Сіздіңше мұның бәрі сатира ма?

— Қазіргі әзіл-оспақ театрларының көбі жеңіл әзілге құрылған. Астарлы, ұйтты сынға бармайды. Кино саласында да сондай. Еркектер әйел боп киініп, бар даусымен қышқыра айғайлап жұртты күлдіре салғысы келеді. Халық ондай арзан күлкіден шаршаған. Сонда да демалып, күліп қайтқысы келгенде енді қызық болатын шығар деген үмітпен, сол бұрынғы әзілдерінің өңін айналдырып қайталай беретін әзіл-оспақ театрларына бара береді. Дегенмен «талғамға талас жоқ», бәлкім өз пікірімді көпшілікке тықпаламауым керек шығар. Оны енді тап басып айта алмаймын.

Нағыз комедия жұқалап күлдіре отырып, сынап да білуі керек. Бұрынғы комедиялардың күлкісінің өзінде астар болушы еді. Ішек-сілең қатып көретін кинолардың астарындағы сынды салмағын айтсаңыз! Жалпы, комедияның негізгі мақсаты тек жыртқыдағы күлдіру емес. Күлдіре отырып, адамдарға ой салу, тәрбиелеу.

Ал біздің комедияларды сынамайын десең де айтуға тура келетін жайт көп. Неге біздің киноларда, әзіл-оспақ театрларында отырып қалған қыздар мен жігіттерді біртүрлі етіп көрсеткісі келеді, соны түсіне алмай-ақ қойдым. Ақылды ете отырып та кейбір әпенді қылықтарымен күлдіруге болады. Соған бас қатырғысы келмей ме, әлде тереңдегісі келмей ме? Сондықтан комедиялық фильмдерімізге де, әзіл-сықақ театрларымызға да көңілім толады деп айта алмаймын. «Көш жүре түзеледі» дейтінбіз бұрын, бірақ қанша жыл өтсе де комедия



Үміт ЗҰЛХАРОВА,
сатирик:

жанрындағы көшіміз әлі түзелмей келеді.

САТИРАМЫЗ БАРЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА ЗӘРУ

— Сатираның өзі қоғамның шындығын астарлап жеткізетін өнер ғой. Демек, әр кезеңнің проблемасы да өзгеріп отырады. Сіздіңше, заманауи сатира қандай тақырыптарға зәру? Сатирик қалай жазуы керек?

— Біздің сатира — барлық тақырыпқа зәру. Бұрынғы заманның тоғышарлары мен пайдакүнемдері әлі де жоғалып кеткен жоқ. Заман өзгергенімен, адам өзгерген жоқ. Тек жазу формасын қазіргі заманға сай өзгерту керек шығар. Былайша сол тақырып, сол сын бұрын қалай керек болса, қазір де тура солай, ауадай қажет. Мысалы, бұрынғыдай шымшыма, бірқакпайлармен қазір де сынап, әзіл жазшы, оқырман сүйсіне оқиды. Мұнда



Ал памфлет негізінен саясатты, саяси жүйені сынайтын салмағы ауыр жанр. Бүгінде саясатқа ешкімнің тісі батып жаза бермейді. Жасыратын несі бар, бізде цензура басым.

тек фактіге құрылатын болғандықтан, фельетон жанры өтпей қалды. Өйткені факті жария етілген соң ол тексерілуі, жауапты ұйым тарапынан шара қолданылуы керек. Шара қолданылмаса фельетонды бұрқыратып жаза бергеннен не пайда? Қазір, әсіресе, саяси сатира үлкен сұранысқа ие. Өйткені қоғамда саясат бірінші орынға шықты. Бұрын отбасы, ошақ қасындағы

Сатирамен СЫН

кішігірім мәселелер жиі сыналса, қазір сын объектісінің ауқымы кеңейді. Саясат дерлік бәрін қызықтыратын болды. Тіпті, балаға шейін саясаттан әңгіме соғып отырады. Ендеше саясаттың олқылықтарын сынға алатын сатира да бізге ауадай қажет.

— Бұрын сықақ қана емес, оған туыстас фельетон, памфлет секілді өткір жанрлар да жиі жазылатын. Бүгінде бұл жанрлардың шамасы қандай?

демеймін, бірақ арасында кейбір фельетондарымыз Үкімет тарапынан қолдауға ие болып, министрліктерден, жауапты орындардан «жазған фельетондарыңызға орай шара қолданымыз» деген хаттар келіп жататын. Ал қазір жазған фельетонның ешқандай ұйым, органдардан мардымды жауап ала алмайсын. Сондықтан бұл жанрды келмеске кеткен, өткен ғасырдың жанры десек болатын шығар.

САТИРИКТЕР АЗАЙЫП БАРА ЖАТЫР

— Әр әзілдің астарында шындық болатыны — сатира талабы ғой. Осындай әділетсіздікке соққы болатын бір сатираның оқып берінізші.

— Бұрынырақ жазылса да тақырыбы әлі актуалды сатира-ларым бар. Соның бірін айтып берейін. «Үкіметке арналған жұлдыз жорамалдан» үзінді:

Қаржы полициясы үшін бұл жылы аса қиын шаруа байқалмайды. Жыл өзіңіз ойлап, алдын ала жоспарлағандай өтеді. Жемқорларды топ-тобымен ұстағаныңызбен, бәрін бірдей жауапқа тарта алмайсыз. Ірі шенеуніктер қандай да бір пара алғаны үшін қолға түсер болса,



оның ісін дәлелдеу аса қиынға түспек. Өйткені істің аяғы әдеттегідей сиырқұйымшақтанып, сонында сіз қолға түсірген дөкей «судан таза, сүттен ақ», ешқандай пара алмаған болып шыға келуі мүмкін. Сондықтан басты қатырмау үшін ірі шенеуніктерден гөрі долларлап емес, теңгелеп қана пара алатын ұсақ шенеуніктерді көбірек қармаққа іліктіргеніңіз жөн.

Ал егер аса шыншылдыққа салынбай, ара-арасында өзіңіз де алдыңызға келіп тұрған «олжадан» там-тұмдап пайда көретін болсаңыз, айыңыз оңынан туып, келесі жылға дейін өз орныңызда сенімді түрде отыратыныңызға бәс тігеміз.

Мінамдай мінсіз министрлерді сиыр жылында үлкен өзгерістер күтіп тұр. Жыл басы ауыс-түйіспен басталып, бір орнында ұзақ отыра алмайтын министрлер үшін «қызмет ауыстыру» шеруі басталмақ. Әйткенмен, аса уайымға салынудың қажеті жоқ. Ел ішінде сіздер жайлы небір өсек-аяң өріп жүргенімен, сол баяғы сірескен қалыптарыңызда биліктің бір бұрышын ұстап тұра беретіндеріңізге аспандағы сіздерді қолдап жымыңдаған сан мың жұлдыздар кепілдік береді. Тіпті, ойда-жоқта қолыңыздан кел-

Ал халыққа айтарымыз: биыл да әлдебір буалдыр сағымның жетегіне еріп, қапыда алданып қалуыңыз мүмкін. Дегенмен сіздерге қатты жаны ашитын ғаламшарлар алдағы күндерге үмітпен қарауларыңызды, қандай жағдайда да құдайдан үміттеріңізді үзбеулеріңізді қатты өтінеді. Өйткені өмір сүру былайынша қиын сияқты көрінгенімен, шындығында сіздер ойлағаннан әлдеқайда қиын-ырақ. Биылғы жылы құрылыс компанияларынан, банктерден көп алданғандықтан, келесі жылы кез келген істі бастамас бұрын жеті рет өлшеп, бір рет кескендеріңіз жөн.

Ең бастысы, саясат қуып сандалмай, тыныш жүріңіздер!

– **Иә, керемет екен. Ал қазір осылай өндіріп жазып жүрген сатириктер кімдер? Қалжыңның дәмін келістіретін жаңа буын қалыптасты ма?**

– Ермахан Шайхы, Толымбек Әлімбек, Мұхтар Шерім, Аймұханбет Бейсембек, Берік Садыр, Еркін Жаппас ағалар, Қанағат Әбілқайыр замандасым – қолынан қаламы түспей келе жатқан санаулы сатириктер осылар. Былтыр ғой деймін, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болып Дәурен Қуат ағам отырған кезде бірде маған



ламгерлерді де ынталандыру керек. Оларға қаламақы беріп, анда-санда бәйге ұйымдастырып жіберіп, сый-сыяпат беріліп тұрса, қалам тербейтіндер қатары көбейер еді деп ойлаймын. «Ел іші – өнер кеніші» деп халқымыз бекер айтпаған. Халық арасында танылмаған талант көп. Тек оларды шығару керек. Газетке авторлар іздеп отырып бұрын өзін аралас-құралас болған бірекі жас авторға (қазір жас деп

– Орнымен күлдіріп, орнымен сынай білсең, күлкі – күшті қару. Адамдар күлкі болудан қатты қорқады. Өйткені түсінген адамға, күлкі болу – қорлық. Сатирик-жазушы Сейіт Кенже-ахметов ағамыздың осы орайда айтқан әдемі нақыл сөзі бар: «Күлдіре білу – өнер, күле білу – өмір, күлкі болу – өлім» дейді. Керемет тауып айтылған сөз.

Сын-сықақ арқылы қоғам өзгеріп кетеді дегенге сену қиын.

маларын оқыдым, сатирик ағаларыма еліктедім. Сосын біртіндеп өзімнің қолтаңбам қалыптаса бастады. Көпен Әмірбек ағамның көп ақыл-кеңесін «қағып алуға» тырысатынымын. Ол кісі «Үміт, формаға салып жаз. Сонда жазғаның теп-тегіс, жұмыр болады» дейтін. «Ешқашан шұбалаңқы, ұзақ етіп жазуға тырыспа, жазғаның қысқа-нұқса болсын» деуші еді. Қолына тым ұзақ сықақ әңгіме, өлең түсе қалса сызып-сызып тастайтын да, ең маңызды деген жерін қалдырып, «міне, айтайын дегені осы ғой, неғыламыз қалған сылдыр сөзді» дейтін. Редакциялауды, әзіл-сықақ әңгімелерді орыс тілінен өз тілімізге жатық түрде аударуды сол кісіден үйрендім. Басында сатираларым мен аудармаларымды мұғалімнің дәптер тексергеніндей қыпқызыл етіп шимайлап түзетіп беретін. Көпен ағаның редакциялауынан кейін кез келген солғын әзілің ойнап, езуіңе күлкі үйіріп шыға келетін.

Осылайша, ұстазымыздан біраз нәрсе үйреніп, қолға түскен кез келген сын-сықақ мақаланы, фельетонды, әзіл өлеңді өңін айналдырып, жайнатып жіберетін болдық қой. Сатирик боламын деген жас осындай мектептен өткені дұрыс. Қашалмай, шындалмай белгілі бір дәрежеге оп-оңай жетем деу бекершілік. Арнайы мына кітапты немесе мына кісінің шығармасын оқысын деген де қағида жоқ. Бәрін оқысын, салыстырсын, ізденсін. Сонда ғана қолтаңбасы айқындалған қаламгер, сатирик қалыптасады.

– **Алда қандай шығармашылық жоспарларыңыз бар?**

– Қазір өз шығармашылығыммен, редакторлықпен айналысамын. Құдай қаласа, сатираларымның қатары толықса, тағы бір кітабымды жарыққа шығарсам деген жоспарым бар.

– **Әңгімеңізге рақмет. Шығармашылық табыс тілейміз!**

Сұхбаттасқан
Сымбат
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Жазылған ЕСКЕРІЛМЕЙДІ

мейтін бір салаға топ етіп бастық болып кеткеннің өзінде, алда-жалда қолыңыздан ештеңе келмесе, сол баяғы өзіңіз әбден үйренген, отыра-отыра жиренген орныңызға қайта баруыңыз бек мүмкін.

Ал егер «қасықтап жиған абыройымнан бір-ақ күнде айырылып қалмаймын ба?» деген күдік-күмәніңіз болса, өз саланыңызға бұрын-соңды адам ойына келмеген жаңаша бір реформаны тезірек енгізіп жіберіп, әжептәуір бедел жинап алуыңызға әбден болады. Бастысы, сіз ойлап тапқан реформа өзіңізден басқа ешкімнің көкейіне қонбайтындай шым-шытырық болсын.

хабарласып, «Үміт, газеттің соңғы сатира бетін жақсылап шығаруға атсалысың. Сатира жазып жүрген жаңа авторлар бар ма, болса әзілдерін жинақтап, келістіріп берсең» деді. Мен ол газетте жұмыс істемеймін. Сонда да өзім сүйетін жанрым туралы әңгіме болған соң қарап отыра алмай бұрынғы өзім білетін авторларды іздестіре бастадым. «Ара» журналында істеп жүргенде авторларымыз жетерлік еді. Қазақстанның әр түкпірінен, облыс, аудандарынан, ауылдарынан небір әзіл-сықақ ағылып жататын. Солардың қатары анағұрлым азайыпты. Жазуға да стимул керек қой. Сол сияқты сатира жанрында жазатын қа-

отырған сол жігіттердің өзі 40-45-тің айналасында) хабарласып, «Не жазып жүрсіндер? Газетке сатираларыңды беріңдерші» деп едім, «Ой, апай, газеттің тиын-тебені не болады, біз қазір мына «Жайдарман», КТК дегендерге жазып жүрміз. Әзілдерімізге жап-жақсы қаламақы береді» деді. Қысқасы, сатира жазып, көзге түсіп жүрген жасты байқамадым. Сатириктер қатары жылдан-жылға азайып барады.

ЖАҢА БУЫН САТИРА МЕКТЕБІНЕН ӨТУІ КЕРЕК

– **Сіз үшін сатира күштілер қаруы ма? Сын-сықақ арқылы қоғамды өзгерту мүмкін бе?**

Қоғам жоғарыдан бастап заң мен тәртіпке бағынғанда, жүйелі түрде тәртіп орнағанда өзгереді. Ал сын-сықақ қоғамның, адамның теріс қылықтарын әшкерелеп, ұятын ояту арқылы ой салуға ғана қауқарлы.

– **Сатирик боламын деген жасқа қандай бағыт-бағдар бересіз? Кімнің шығармашылығын оқу керек?**

– Сатирада «олай жазба, былай жаз» деген қағида жоқ. Күлдіріп отырып шындықты жеткізе білсең, астарлап сынай білсең, ол сының халықтың ойынан шығып, қоғамның қышыған жеріне дөп тисе – бастысы осы. Мен де басында өзімнен бұрынғы буынның шығар-

КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАЗЫНАТАР ЖАҢЫТТИНАШ

Ат жемейтін,
Ащы шоптің
Шыққаншап,
Шықпағаны жақсы ма?
Шықпағанынан
Шыққаны жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойлады,
Омбай оңбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Ұйпа-тұйпа,
Салдыр-салақ,
Еұл кім?
Кеп тұр күлкім.

Жып-жыпақы,
Тап-таза,

Түп-түз,
Еұл кім?
Ұқытты болуға ұтты!

Мамам
Банан берді,
Бананды маған бермей,
Оған берді,
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді,
Бананның қазақшасын
«Мәуі» дейді.

Табаныннан
Тік тұрдым,
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Быттырық боп,
Түбі күйді.
Әбігерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Дәрігерге
«Дәрі бер!» деді,
Дәрігер дәрі беріп,
Бәрі емдеді.

ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

22 АҚПАН 2025 | СЕНБИ

VR және AR көзілдірік технологияның тағы бір тартымды бөлшегі ретінде күннен күнге қарқынды дамып келеді. Көпке танымалы сол – бұл құрылғының көмегімен кино не ойынның ішінде жүріп, ерекше әсерге бөленесің. Әйтсе де, бүгінде аталмыш көзәйнектің қолданыс аясы әбден кеңейе түскен: VR көмегімен дәрігерлер күрделі ота жасап, AR септігімен науқас ем нәтижесін алдын ала көре алады. Ал болашақта бұл технология тіптен таңғалдырмақ, адамдар бір-бірімен шынайылықтың шегінен тыс жүздесіп, фобиясын жеңу үшін оның көмегіне жүгінеді деседі. Жарты ғасыр бұрын ғана жаңалық болған жаңа дәуір жайлы не білеміз?

ВИРТУАЛ ШЫНДЫҚ

Virtual reality (VR) – виртуал шындықтың тарихы XX ғасырдың ортасынан бастау алады. Ең алғаш қазіргі VR жүйелерінің алғашқы ізашарының бірі – Sensorama құрылғысы пайда болды. 1962 жылы Мортон Хейлигтің бұл механикалық симуляторы көрнекі, дыбыстық және тактильді әсерді пайдаланып, қолданушыға виртуалды ортаға енгендей әсер сыйлады. Sensorama адамға қаланың виртуалды көшелерімен «серуендеуге», желдің лебі мен иісін сезінуге мүмкіндік берді. Ал 1968 жылы Иван Сазерленд пен оның студенті Боб Спроул VR дамуы үшін маңызды жаңалық ашты, олар The Sword of Damocles деп аталатын алғашқы HMD (Head-Mounted Display) құрылғысын жасап шығарды. Үшөлшемді нысандарды қарапайым графика арқылы бейнелей алатын жаңа құрылғы өте ауыр болды және төбеге ілінген күйде жұмыс істеді. Тоқсаныншы жылдары алғашқы коммерциялық VR құрылғылар, соның ішінде Virtuality жүйесі пайда болды. Бұл жүйелер ойын-сауық орталығында қолданылып, пайдаланушыға виртуалды әлемге ену мүмкіндігін берді. Virtuality-дің бас киімі мен қолғабы болды, ол виртуал әлемде қолданушының қимылын бақылауға көмектесті. 2000 жылдары компьютерлік графика мен есептеу қуатының дамуы неғұрлым шынайы әрі интерактивті виртуал әлемді жасауға жол ашты. Алғашқы VR-симуляторлар әскери қызметкерлер мен ұшқыштарды оқыту үшін қолданылды. 2010 жылы виртуал шындықтың дамуы жаңа деңгейге көтерілді, Палмер Лакидің Oculus Rift құрылғысы кідіріс уақытын төмендетіп, виртуал әлемге ену сапасын айтарлықтай жақсартты. Осыдан кейін HTC Vive және PlayStation VR сияқты құрылғылар нарыққа шығып, VR технологиясы көпшілікке қолжетімді болды.

ТОЛЫҚТЫРЫЛҒАН ШЫНДЫҚ

Augmented Reality (AR) – толықтырылған шындық виртуал шындықтан кейінірек дами бастады. 1990 жылы Том Коделл «толықтырылған шындық» терминін енгізіп, шынайы әлемге сандық элементтерді енгізетін технологияны сипаттады. 1992 жылы Луис Розенберг Virtual Fixtures деп аталатын AR жүйесін ұсынды. Бұл жүйе АҚШ Әскери-

VR мен AR ДӘУІРІ



әуе күштері ұшқыштарына күрделі тапсырмаларды орындауға көмектесу үшін жасалды. Virtual Fixtures механикалық манипулятор мен графикалық қабатты қолдана отырып, ұшқыштардың жұмыс тиімділігін арттырды. 2000 жылдары алғашқы мобилді AR-қосымшалар пайда болды. 2009 жылы Layar компаниясы смартфон камерасын пайдаланып, шынайы әлемге сандық ақпарат қосатын алғашқы қосымшалардың бірін шығарды. Бұл қосымша пайдаланушыға ғимараттар мен объектілер туралы

ақпарат көруге мүмкіндік берді – ол үшін смартфон камерасын сол объектіге бағыттау жеткілікті болды. 2010 жылы мобилді технологияның дамуы, смартфондардың жоғары сапалы камера және сенсормен жабдықталуы AR жүйесінің дамуын жеделдетті. 2013 жылы Google компаниясы Google Glass толықтырылған шындық көзілдірігін таныстырды. Бұл құрылғы пайдаланушыға қажетті ақпаратты көз алдында көрсете алды. Жоба коммерциялық тұрғыда сәтсіз болса да, AR мүмкіндігіне қызығушылық

артты. 2016 жылы Poké mon GO ойынының шығуы AR технологиясының жаппай танылуына серпін берді. Бұл ойын GPS пен смартфон камерасын пайдаланып, виртуалды покемондарды шынайы әлемге енгізді. Poké mon GO миллиондаған адамның сүйіктісіне айналды және AR-дың ойын индустриясында интерактивті әрі қызықты бола алатынын көрсетті.

БАРЛЫҚ САЛАҒА ЕНЕ БАСТАДЫ

Бүгінде VR тек ойын индустриясында ғана емес, медицина, білім және өнеркәсіп салаларында да кеңінен қолданылады. Медицинада VR науқастың оңалуына, сондай-ақ хирургтарды кәсіби оқытуға көмектеседі. Виртуалды симуляторлар хирургтарға күрделі ота жасауға мүмкіндік береді. Бұл науқас үшін қауіпсіздік деңгейін арттырады. Ал AR науқастың ем нәтижесін алдын ала көруге мүмкіндік береді. Көп компания өнеркәсіпте қызметкерді оқыту және өндірістік процесті тәжірибеден өткізу үшін VR пайдаланады. Виртуал тренингтер жұмысшыларға қауіпсіз ортада дағдысын шыңдауға көмектеседі. AR да көптеген салада сенімді көмекші. AR қосымшалар сауда-саттықта киім мен жиһазды онлайн режимде өлшеп көруге мүмкіндік береді. Мысалы, IKEA AR технологиясын пайдаланып, жиһаздың интерьерге қалай үйлесетінін көруге жағдай жасады. Сондай-ақ AR навигацияны жеңілдетті. Мысалы, Google Maps сияқты қосымшалар маршрутты нақты уақыт режимінде көрсетеді. Сондай-ақ VR, AR технология білім ордаларында интерактивті сабақтар мен виртуал экскурсия жасау үшін VR қолданады. Мысалы, студенттер тарихи орындарға саяхат жасап, адам анатомиясын үшөлшемді кеңістікте зерттей алады және тағы басқа.

Техносарапшылар VR және AR технология болашақта адамзат өміріне дендеп енетінін айтады. Мәселен, әлеуметтік VR платформалар дамып, адамдар нақты уақыт режимінде кездесе алады. VRChat, AltspaceVR сияқты алаңдар қазірдің өзінде виртуалды кездесу мен іс-шара өткізуге мүмкіндік беріп отыр. Ал AR-көзілдірік күнделікті тағуға болатындай ықшамды әрі сәнді бола бастайды. Бүгінде Apple және Microsoft секілді компаниялар AR көзілдірікті басқа құрылғымен біріктіруге тырысып жатыр. VR және AR жасанды интеллектпен «достаспақ». AI пайдаланушының мінез-құлқын талдап, VR және AR жүйесін адамның жеке қажеттілігіне бейімдей аламақ. Сондай-ақ VR және AR күтпеген салаларда қолданылмақ. Мәселен, психотерапияда VR фобиялар мен посттравматикалық бұзылысты емдеу үшін қолданылатын болады. Архитектура AR сәулетшілерге жобаны нақты уақытта көруге және өзгертуге көмектеседі. Сондай-ақ VR ғарышкерлерді жаттықтыру және қашықтықтан басқарылатын миссияны модельдеу үшін қолданылуы мүмкін.

Асыл ТҰМАР



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыБотагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абай АЛТЫНБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekлама.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4555
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,